

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Ұ.Н.АЛАШАБАЕВА

**ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІН
ҮЛГІЛЕУ**

Оқу құралы

Алматы, 2014
«Қыздар университеті» баспасы

УДК
ББК
А

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
Редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған*

*Пікір жазғандар: Р.О. Жилисбаева – т.ғ.д., профессор;
Н.Б. Рахметова – профессор м.а.*

А **Ұ.Н. Алашабаева. Қазақтың ұлттық киімдерін үлгілеу:**
*Оқу құралы/ Ұ.Н. Алашабаева. – Алматы: «Қыздар университеті»
баспасы, 2014. – 116 бет.*

Оқу құралында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің қорындағы хронологиялық шеңбері XVIII-XX ғғ. ортасына дейінгі аралықты қамтитын, ұлттық киімдердің түрлері жайында мәліметтер алынған. Халықтың ұлттық құндылығына негізделген ерлер мен әйелдер киімдерінің түрлері және бас киімдері бір тұтас көркемдік мағынаға бағынған, аяқталған композициялық шешімін көрсетеді.

Сондай-ақ оқу құралда ұлттық нақыштағы әйелдердің жеңіл киімдерін үлгілеу, пішу және тігу технологиясы қарастырылған.

Еңбек жоғары оқу орындары және кәсіптік - техникалық лицей студенттеріне арналған.

УДК
ББК

© Ұ.Н. Алашабаева, 2014
© «Қыздар университеті» баспасы, 2014

КІРІСПЕ

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында Қазақстанда индустриялды-инновациялық саясаттың басты тапсырмасы өнеркәсіптегі тауарлар өндірісінің дамуы болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев бекіткен «Мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеттері ретінде «...қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеу бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі болып келетінін» атап көрсетті¹.

Осы орайда ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуіне байланысты ата-бабадан мирас болып келе жатқан мәдени мұраларына ерекше мән берілуі – заңды құбылыс. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде, кең даланың үсірік аязы мен аптап ыстығының, салқын мен аңызақ желінің әсерімен қалыптасқан. Ұлан-ғайыр кеңістікте көшіп-қонған малшы қауымның күнделікті тіршілігі қалыптастырған заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі болғандықтан, өзінің қарапайымдылығымен, үйлесімділігімен, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен және функционалды табиғатымен ерекше.

Ал оның көшпелілері халқымыздың сезімталдығын, аса зор эстетикалық талғамын аңғартатын қарқара, мұрақ, айырқалпақ, қасаба сияқты зерлі-кестелі бас киімдері. Бұрын бір ата елдің, кіші-гірім бір рудың ортақ мұрасы ретінде қыз ұзатып, келін түсіргенде ғана басына кигізетін сәукеленің кәдесіне інжу, маржан, стеклярус, страздар сияқты тастармен ызба, алтын-күміс баулармен әрленуі, олардың көздің жауын алар көркемдігімен ерекшеленген.

Қол өнеріндегі мүлтіксіздіктің шегінен көрінетін әшекейлердің, алтын-күміспен күптеген алқа, шолпы, бойтұмар, сырға, білезік, сақина-жүзіктердің болғаны қазақ халқының әсемдікке құштарлығын көрсетеді. Мұның өзі дәстүрлі киімнің табиғатындағы екі жақтылықты-тұрмыс қажеті мен сымбатты болу қамын аңғартады.

Сондықтан, бүгінгі таңда дәстүрлі киім-кешек этностың тіршілікқамы жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі.

Ұлттық киімдерді дайындау және әр түрлі киім ассортименттерінде ұлттық элементтерді пайдалану қаншама жылдардың зерттеу мәселелерінің бірі болып табылады.

Әсіресе, Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуіне орай, ұлттық мәдениетті қайта өркендету қолға алған жағдайда ұлттық киімдерді тарихи түп-тамырына сәйкес, сондай-ақ бүгінгі сән бағытының даму талаптарына сай тігу қажеттілігінің арта түсуінде.

Қазіргі заманға ұлттық киімдерді дайындау барысында оларды үлгілеу, құрастыру әдістері мен тігу технологиялары да өзіне тән жаңашылдыққа ие.

Өйткені зерттеу барысында ертедегі рухани және материалдық қажеттіліктен туындаған өнер түрлерін тек көненің көзін жоғалтпау мақсатында ғана жинап қоймай, оларды бүгінгі талабына сай дамытып, қазіргі халықтың сезімталдық талғамымен қарастыру.

Бұл оқулықта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің қорындағы хронологиялық шеңбері XVIII-XX ғғ. ортасына дейінгі аралықты қамтитын, ұлттық киімдердің түрлері жайында мәліметтер, қысқаша сөздіктер алынған. Этнографиялық көне ұлттық киім жинағындағы ерлердің, әйелдердің аймақтық ерекшеліктері мен өзгешеліктерін, олардың түрлерін бүгінгі студенттер хабардар болуы тиіс.

Ұсынылып отырған оқулық көшпелілердің алуан түрлі киімдері жөнінде және қазақ этнографиясы мен тарихын кәсіби деңгейде танымдық тағылымы мол оқу құралы рөлін атқарады.

Сонымен бірге, қазіргі заманға сай ұлттық нақыштағы ерлер мен әйелдер сән киімдеріндегі композициялық шешімін анықтап, эскиздер берілген.

Оқулық жоғары оқу орындары және кәсіптік – техникалық лицей студенттеріне арналған.

1-ТАРАУ ДӘСТҮРЛІ КИІМ-КЕШЕК ЭТНОСТЫҚ ТІРШІЛІКҚАМЫ ЖҮЙЕСІНІҢ БІРІ

Киімді көшпелілердің тіршілікқамы жүйесінің ең ежелгі және ең мәнді элементі болатындығын, оның дәстүрлі ортадағы тұтыныс қатынастарының аса қажетті объектілері, құралдары, тіпті, осы қатынастар жүйесінің бірі ретіндегі құрылымдық және функционалдық табиғатымен түсіндіруге болады. Ал, дәстүрлі тіршілікқамы жүйесіне киімнен басқа: қоныстану жүйесі, тұрғын үй-жай, үй жабдықтары мен халықтық медицина сияқты күнделікті қажетін тікелей қамтамасыз ететін элементтер кіреді. Бұлардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстар адамдардың сұраныстары арқылы ғана жүзеге асқан. Сондықтан да бұл байланыстардың құрылымдықтан гөрі, функционалдық табиғаты әлдеқайда басым.

Демек, этносты нақтылап айтсақ, көшпелілердің тіршілікқамы жүйесі – түптеп келгенде, осы жүйеге кіретін элементтердің өзара біріккен функционалдық жүйесі. Бұдан шығатын қорытынды, тіршілікқамы жүйесінің элементтері бір-бірімен өзара «қызметтес» жағдайында этностың күнделікті тіршілігін тікелей қамтамасыз ететін қажетті материалдық құралдары рөлін атқара алады.

Көшпелілердің киім-кешегі сонау ерте заманнан бергі әлеуметтік жүйелердің түпкілікті үстемдік құрған кезеңіне дейін: құрылымдық жағынан болсын, стильдік ерекшеліктері тұрғысынан болсын өзінің этникалық мәнді пішінін жоғалтпаған. Ежелгі көшпелілер мәдениеті мен олардың ортағасырлық мұрагерлерінің дәстүрлі өмір салтын айғақтайтын сан алуан археологиялық материалдар дәлелдеп отыр. Мысалы ретінде көшпелілер киімінің «кебенекше ойып пішілген» деп аталатын ең басты конструктивті элементін айтуға болады. Бұл ұғым орыс тілді әдебиетте кең қолданылатын «туникообразный покрой» дегенге сәйкес келеді. Себебі, қазіргі ғылыми зерттемелерде, киім-кешек Орталық Азияның аса қатал табиғи жағдайында адамның ең тиімді тіршілік ету тәсілі, тіршілікқамы жүйесінің ең мәнді де, қажетті құрамдас бөлігі болған².

Сонымен бірге, киім-кешек көшпелі ортадағы айырбас қатынастары жүйесінің де (мысалы, жасау мен қалың малдың ең мәнді элементтері ретінде) аса маңызды құралы функциясын да атқарады. Сондай-ақ дәстүрлі киім-кешек тікелей тіршілікке қамтамасыз етумен қатар, «...эстетикалық, магиялық, адамдардың жасына байланысты және әлеуметтік-жыныстық айырмашылығы (күйеудегі әйел костюмінің функциясы), әрі сән-салтанаттық, ғұрыптық, адамдардың айналысатын кәсібін, діни ұстанымын, аймақтық ерекшелікті айғақтайтын қызметтерімен ерекшеленеді».

Демек, функционалдық жағынан ғана ерекшеленетін сипаттардың өзара себеп-салдарлық байланыстағы жүйесі дәстүрлі киім-кешектің этникалық мәнді дара бітімін айғақтайды. Ал, осы дара қасиеттер мен белгілер дәстүрлі киім-кешекті этностың өзіндік айқындау жүйесінің қалыпты қызметінің ең қажетті де, маңызды факторларының біріне айналдырады. Яғни, халықтық киім-кешек жоғарыда аталған сан алуан қызметтердің бірыңғай көрінісі этножіктеуші ретінде, өзара себеп-салдарлық байланыстағы қызметтерді де атқарады. Осыған орай, дәстүрлі киімдерді семиотикалық аса мәнді айрықша белгілер жүйесі болып табылады.

Демек, халықтық киім-кешекті оның атқаратын сан алуан тіршілікке қамтамасыз ету және әлеуметтік-мәдени қызметі тұрғысынан әлеуметтік қатынастар жүйесінің «құралдық» элементтер деп аталатын бөлігіне жатқызуға болады.

Көшпелілердің киім-кешегі тарихы, әлеуметтік-антропологиялық, мәдени-антропологиялық, этнографиялық, экономикалық, тіпті, белгілі бір мәселе бойынша әлеуметтік географиялық сипаттағы сан алуан мәліметтер тоғысқан деректердің ерекше категориясы болып табылады.

1.1. Қазақ халқы киімдерінің шығу тарихының жалпы сипаттамасы

Қазақ халқының ұлттық киімдері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Киімнің шығуы адам еңбегінің ерекшеліктеріне, қоғамдық өндіріс пен мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі әсерлерінен қорғап, өзінің практикалық қызметін атқарса, адам денесіне сән беріп-эстетикалық, магиялық, этнографиялық қызметін атқарған. Ағаш жапырақтарынан, аң терілерінен дөрекі жамылғы, лыпа сияқты алғашқы киімдерді пайдаланған. Алғашқыда адамдар үңгірлерді, жартас қуыстарын паналап, ағаш бұтақтары мен шөп-шалам, қамыстан лашық, қалытқылар жасап, табиғатпен үйлесім тапқан кезден басталған.

Адамдар табиғат жағдайлары мен әртүрлі жәндіктердің шағуынан қорғану үшін денелеріне саз балшық, батпақ, май жаққан. Кейін бұларға өсімдік бояулары-жоса, кармин (шымқай қызыл бояу), құрым, индиго (қара-көк бояу), избес қосылып эстетикалық мақсатта әртүрлі тәсілмен денеге сурет салынған. Уақыт өте келе осал бояулар терінің астына өтетін бояу әдісі – таңбалаумен (татуировка) ауыстырылған. Нақ осылай бастарына құстардың қауырсындарын, аңдардың тістерін де қорғаушы элемент және киімнің символдық бөлігі ретінде таққан. Ал денені жауып тұратын талшық материал киімдер пайда болған кезде, жоғарыда айтылған қорғаныш элементтерін сәндікке құлаққа, мұрынға, ерінге жасанды тесіктер жасап тағып жүрген. Уақыт өте келе адамдардың денесіне салынған таңбалардың (татуировка) суреттері матаға көшіріліп эстетикалық қызмет атқарған.

Адамзат полеолит – тас дәуірінде тігіссіз байланатын лыпа киімдерді пайдаланумен қатар сүйек ине, сүйек біздік қолданып тері және тоқыма киім-кешек жасап, киіну мәдениетінің басқа да түрлерін қалыптастыра бастаған. Алғашқы қарапайым киімдер жай ғана байланатын немесе түйрелетін болған. Тас дәуірінің соңында кей адамдар қолға үйреткен мал жүнін, аң терілерін жабайы өсімдіктердің жапырақтарын, қабықтарын пайдаланудың жолын тапқан. Сонымен бірге жабайы кендір сияқ-

тыларды есіп, мал жүндерін иіріп, сүйектен тебен ине жасап, бастарына бүркеніш, үстілеріне жаға, жеңсіз тері киім, белге орайтын алжапқыш, аяққа тартатын тері шақай сияқты біршама тұтас тері киімдерін тіге білді.

Неолит дәуірінде өру, иіру және тоқу кәсібі дамып, иықтан, мықыннан киілетін киім түрлері пайда болған. Еңбек бөлінісі күшейіп, адамдар мал, аң терлерін илеп мәнерлеу, жүн иіру, тоқыма тоқу, бояу жасау, тас күйдіріп, металл өндеуге қол жеткізген заманында киім-кешек түрлері де кемелдене, түрлене түсті.

Киім тігісті және тігіссіз деп екі топқа бөлінеді. Тігіссіз киім адам денесіне оралады, ілініп байланады. Мысалы: үнділіктердің сариі, шалма, шәлі, кавказдықтардың буркасы, римдіктердің тоғасы, ежелгі гректердің гематийі, солтүстік халықтарының теріден жасалған тұлыптары, тайгалықтардың тері желбегейі.

Аяқкиім кешірек пайда болған және киімнің басқа элементтері сияқты кең тарамған. Олар түрлі ағаш, тері, көннен жасалған. Етіктер қазақ жеріндегі жартас суреттерінде жиі кездеседі. Етік символикасы ол жол және арғы әлемге адастырмай апаратын бастау.

Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. XX ғасырдың 20-шы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И. Руденко, күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екендігін дәлелдеген³.

Киімдердің етек-жеңіне рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою-өрнек элементтерін салу, үкі тағу, жын-перілерден, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды, магиялық күш әсер етеді деген сенімнен туған. Кейіннен үкіні тақия, сәукеленің төбелеріне, домбыраға, бесікке қадаған. Үкінің қара қасқасын ерлер, балақ жүнінің ұлпасын әйелдер қолданған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тауарлық өндірістің дамуы, көрші халықтармен экономикалық және мә-

дени қарым-қатынастардың нығаюы, орыстардың, украиндықтардың, немістер мен татарлардың, тағы басқа халықтардың көптеген қоныс аударуына байланысты қазақ тұрмысына өзгерістер ене бастаған. Сол сияқты қалалық сәннің әсері ұлттық киімге де ықпалын тигізбей қойған жоқ.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары Еуропаның киім кию дәстүріне еліктей бастаған. Олар костюм-шалбар, қайырмалы жағалы ақ жейде, галстук тағуды әдетке айналдырды. Шапанды тастап, пальтоға көшті, атқа мініп жүрмей, күймеге отырды.

Қазақ киімдерін зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана кеңінен қолға алына бастады. 1922-1926 жылдары Қазақ республикасының астанасы Орынбор қаласының музейі Ақтөбе, Торғай, Қостанай, Орал, Атырау, Семей, Павлодар аймақтарын аралап, көптеген ұлт киімдері мен өрнектердің, алтын-күмістен жасалған бұйымдардың экспонаттарын жинап, әр аймақтағы әртүрлі киім үлгілерін зерттеп қағаз бетіне түсірген.

1930 жылдары Қазақ ССР Орталық музей қызметкерлері С.Омаров пен В. Куж Алматы қаласынан және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданынан қазақтың ұлттық киімдерін жинаған. Қазақ суретшісі Е.Клодт қазақ киімдерінің, ұлттық киім киіп тұрған қазақтардың бейнелерін суретке түсірген. Осы саланы зерттеген Ә.Марғұлан, Т.Басенов, Х.Арғынбаев т.б. еңбектерін де айтуға болады.

Ескі қорымдар мен қоныстардан табылған археологиялық олжалар баға жетпес дереккөздері негізінде халықтардың «жоғалған» киім үлгілерін қалпына келтірген суретші М.В. Басттың суреттері мен М.Жұмағалиев, Қ.Ахметжан, Қ.Алтынбеков, Ә.Малаевтар («Шежіре» галереясы) қалпына келтірген костюм реконструкциялары арқылы ежелгі бабаларымыздың киімі туралы жан-жақты мағлұматқа көз жеткізе аламыз. Көшпелі халықтардың киімдерін зерттеушілердің ішінде М.В.Гореликтің еңбегі зор. Ол өз еңбектерінде ертедегі Қазақстан территориясын мекендеген сак, түркі, қыпшақ, қалмақтардың киімдерін зерттеп, сызбаларын жасаған. Осы зерттеулер қазақ киімінің дамуын, эволюциясын анықтаудың ғылыми негізін салды. Қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар мен халықтардың барлығы біздің ұлттық киімдеріміздің қалыптасуына өз үлестерін қосты. Қазақ

киімдерінің көшпелі халықтарға ғана тән сипаты болды. Олар өздері баққан мал өнімдерін көбірек пайдаланған. Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарған және оны қолдануды мыңдаған жылдар бұрын білген. Қазақ халқы киім тігуге мал жүнінің ең асылы түйе, қой жүндерін, ешкі түбітін пайдаланған. Түйе жабағысынан әртүрлі жеңіл де жылы күпі тігілген. Иірілген түйе жүнінен шекпен тоқыған. Шудасынан жамау-жасқаулық жіп иіріп, осы шуда жіппен тон-шалбар тіккен.

Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі күскен, жеңіл байпақ тіккен. Киімнің арасына салып және киім тоқуға да пайдаланған. Ал күзем жүннен, қозы жүнінен қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалған.

Ешкінің түбіт жүнін иіріп мойын орауыш, шәлі, шұлық, қолғап сияқты жылы әрі жеңіл киімдер тоқыған. Қазақ талғамында ешкі түбіті түйе жүнінен де қымбат, жібікпен теңдес саналған.

Ұлттық киімдер адамның дене мүшелеріне сәйкес бас-киім, иықтық киім, белдік киім, аяқкиім деп жіктеледі.

Пайдалану, тұтыну ерекшеліктеріне байланысты күнделікті, сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусым аралық және жаздық киімдер болып бөлінеді.

Киім тігуде адамның жас ерекшелігі ескерілген. Жас және жыныс ерекшелігіне қарай: сәби киімі (ит көйлек, сылау тақия), бала киімі (кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі (тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі (желбіршекті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі (сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі (көйлек, кимешек, жаулық, қамзол, кәбіс-мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері (шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал, саптама етік, кәбіс-мәсі) деп түрлерге жіктелінеді. Жасы ұлғайған адамның киімі денеге қонымды, кең, мол пішілген, әшекейі аз, қарапайым болады. Ал жігіттер мен келіншектердің киімдері сәнді тігілген. Бозбалалар мен қыздардың киімдері сымбаттарына лайық болған. Күйеу киімі- ұзын төбө тымақ, қызыл манат шапан, биік өкше етік. Сонымен бірге бақсы киімі, сал-сері киімінің де өзіндік сәндік ерекшелігі болады.

Қазақтың киімінің ең көрнектісін ежелден қыз-келіншектер киген, әшекейдің де ең асылын осылар таққан. Жас қыздар бүрмелі етекті көйлек, бешпент, қамзол, қынама бел киімдер, бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар бастарына кәмшат бөрік, сәндеп өрнектеген ақ шыт орамал тартқан.

Әсіресе ұзартылатын қызды үлдемен-бүлдеге ораған. Гр. Андреев өзінің 1915 жылдары жазған «Киргизский той» деген еңбегінде былайша суреттеген: «Киімнің ең жақсысы қалыңдықтың үстінде, желбіршекті жібек көйлекпен, барқыт қамзолдың сыртынан кигені жібек көк бешпент, иығына жамылғаны парша шапан. Қос бұрымында сылдыраған күміс шашбау, басына майда күміс теңгелермен әшекейленіп, төбесіне үлбіреген үкі қалалған «қыз қалпақ». Қыздың ұзатылуында киетін киімі қымбат маталардан тігілген. Асыл тастармен, моншақталған желегі бар сәукеле – қыздың оң жақта отырғандағы баскиімі, күйеуінің ауылына жеткен соң басына жаулық салынады». (Туркестанские ведомости.1915. №251).

Тұрмысқа шыққан қыздар алғашқы жылы сәукеле, күнделікті өмірде желек киген. Жас келін үлкен кісілерді көрген кезде бетін желегімен көлегейлеп жүрген. Бірнеше балалы болып, әлеуметтік статусы бекіп болған соң кимешек, шылауыш киген. Кимешекті қызыл жіппен шым кестелеп кесе, күйеуі барын, ал ақ жіппен жай ғана су тартып кесе жесір әйел екендігін көрсеткен. Шылауышты кимешектің үстінен тартқан. Әйел киімдерін әшекейі мен ажары жағынан қыз киімдері, келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен егде бәйбішелердің киімдері деген төрт топқа арнап тіккен.

Жігіт, боз балалар кестелі тақия киген. Кейде ақ шытты бір шекесіне түйе салып, тоқалдай тартатын болған. Аяқтарына көксауырмен оймышталған, өкшесі құймаланған етік киген. Барқыттан шапан, құймаланған алтынмен қаптап, күміспен күптелген белбеу буынған. Қарттар шаштарын қырып алып тастайтын болғандықтан сырмалы өңді кепеш үстінен пұшақ, елтері, түлкі тымақтар киген. Қазақ халқы баскиімді қастерлеп, оны аяққа баспай, биік жерге іліп қояды.

Шал-қариялар шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал киіп, аяқтарына саптама етік, кебіс-мәсі киген. Еркек киім-кешегінде кездесетін ақбөкен, құлын терілерінен түсіне қарай құрастырылатын бешпент, көкірекше, кеудеше, жарғақ шалбар аса сыпайы киім үлгілері болып есептелген.

Әлеуметтік дәрежесіне, сондай-ақ кәсіби салаға қатыстылығына қарай қазақ халқы арасында бай, би, сұлтан (бас киім мұрақ), баксы, сал-сері (жарғақ шалбар, мауыты, шәйі көйлек), малшы, аңшы (шекпен, кебенек, сырттық, күләпара), балуан, батыр (қаттама), киімдері деп бөлінеді. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдердің ең жақсы көрнектісін киген.

Киім тақырыбына қадам тартқан этнограф С. Қасиманов қазақ киімдерін іштік (көйлек, желетке, қамзол, кәзекей, дамбал), сырттық (шапан, күпі, тон, шидем, аң терісінен істелген ішіктер), сулық (шекпен, қаптал шекпен, кебенек, кенеп т.б.), біркиер киім (той-думан мен сапарға шыққанда киетін) деп атаған.

Қазақтың ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айырып айтылады. Мысылы, арғын тымақ, найман тымақ, қыпшақ тымақ, адай бөрік, қызай бөрік т.с.с. Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі т.б. Мұндай бөліп атау киімдердің кеңдігі, ықшамдылығы, бойға қонымдылығы және сәндеу мәнерлерінің ерекшеліктеріне қарай да ажыратылады.

Көбіне қазақ киімдерінің үлгілеріне көршілес орыс, тәжік, қырғыз, түркімен халықтарының киім тігу мәнері ықпал етті. Қоғам дамуына қарай бұрынғы ру-тайпаның күні өткен ұғымдар жойылып, киім-кешектегі маңызды саналған ерекшеліктер ескіріп, мәдениеттегі территориялық өзгешеліктердің сызылып тасталуына алып келеді. Қазақы көшпелі тұрмыс ортасында бұл процесс Орта Азиялық отырықшы елдерге қарағанда тезірек жүрді. Оның үстіне, қазақтар орыс ықпалына ілінгендіктен, ру-тайпалық өзгешіліктерін ертерек және жылдам жоғалтуға мәжбүр болды.

Бұл процесс баскиімнің кейбір үлгілерінің, мысалы, орыс киімдерінің түрлерін (орамал, шәлі, құлақшын-малақай) қабылдауға әкеліп соқты.

Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп-тұруға, көшіп-қонуға ыңғайлы етіп ықшамдап тіккен. Ауа райының қолайсыз жағдайлары да ескерілген. Мұндай киімдерді киген халыққа қатты аяз немесе күннің аптап ыстығы, қатты жел, құрғақшылық ешқандай қауіп төндірмеген. Себебі киімдер төзімді, ыңғайлы, қарапайым және әсем болған. Киімнің қолтық тұсы кең болуы үшін қолтырмаш, етегі кең болу үшін бүйірден үшбұрышты мата бөлігін қойған.

Қазақ әйелдері киімді тігіп қана қоймай, оған лайық сәндерін де өздері жасаған. Кесте тігу, жиек жүргізу, оюлау, шілтер шалу, зерлеу, тері киім тігу сияқты нәзік жұмыстарды әйелдер атқарған. Г.Загряжский қазақ әйелінің шаруашылыққа ерте араласуы жөнінде былай деген: «5 жаста қыз бала отынға шөпшек жинап, су тасиды, 8-9-ға келгенде тоқып, киім тігеді, ұзатыларда берілетін жасауын дайындайды, қоржын, бау тоқиды, туырлықтарды шұғамен өрнектейді».

Қазақы киім – өзіне тән ерекшеліктерін сақтап бізге жеткен заттық - тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі.

1.2. Қазақ халқының қолөнер кәсіпшілігінің жалпы сипаттамасы

Қазақ халқының қолөнер туындылары материалдық мұра болып қана қоймай, ертедегі халықтың тарихынан, таным – түсінігінен, эстетикалық талғамынан хабардар етеді. Осындай ұлттық мәдениет үлгілерінің дәстүрлерін оқып үйрену-оларды сақтауға және бүгінгі әлеуметтік жағдайларға сай пайдалана білуге мол мүмкіндіктер береді.

Қолөнер түрлері сан алуан: зергерлік өнері, тоқыма, кілем өнері, ағаш-сүйек ұқсату, киіз басу, қару-жарак жасау, ер-тұман әбзелдерін өңдеу, халық музыкалық аспаптарын дайындау жатады. Әрбірінің өзіне тән мазмұндық және қолданылу ерекшеліктері және жасалу тәсілдері әртүрлі. Сонымен бірге қазақ

халқы мал, егін шаруашылығымен, аң аулаушылықпен, арасында балық аулаушылықпен айналысқаны белгілі.

Киімдерді дайындауда қолданылған байырғы материалдардың бірі тері және былғары кәсіпшілігі. Терілерді киім дайындауға пайдалану үшін қазақтар мал сойғанда жаңа сылынып алған теріні жайып кептірген. Көбінесе, бас киім немесе ішік тігетін аң терілері мен елтері, сеңсеңдерді боямай-ақ матамен тыстап тіккен. Ал, қыста киетін тонды, шалбарды тігуге арналған қой терілерін томар бояу немесе қара тал қабығын қайнатып бояған⁴.

Қазақтардың қолөнерінде қолданылған материалдарының бірі киіз. Киізді киіз үй қаңқасын жабуға, кереге тұтуға, еденге төсеуге пайдаланған. Киізден әбдіреқап, аяққап, кебенек, қалпақ, байпақ, жабу және текеметтер дайындалған. Киіз басудың ең дәстүрлі үлгілеріне киіз, текемет, сырмақ, түскііздер жатады.

Жоғарыда айтылғандай, ұлттық киімдердің бірқатар түрлері, соның ішінде бас киімдері жүннен дайындалған. Бас киімдерді жасауда ақ түсті күзем жүндерін пайдаланған. Ол үшін жүнді жуып, әбден тазартып, тулаққа салып үлбірегенше сабаумен сабаған.

Қазақ халқының өрнекті өнерінің бірі шиді жүнмен орау және оны өрнектеп тоқу болып табылады. Шиді салынатын өрнек үлгісімен орау үшін оралатын шиді үлгінің үстіне салып өлшеп, санай отырып буындарға бөліп орайды. Оралып, өрнектеліп болған әрбір тал шиді сол талдың үйлескен шиіне шуда жіппен бір шалып байластырып қояды. Соңынан тоқығанда оларды шатастырмай, сол қатармен тоқиды. Шидің осындай оралу түрі шым ши деп аталып, киіз үйдің керегелеріне, сондай-ақ есіктің ішкі жағына тұтылған.

Сонымен бірге кілем тоқу өнері түрімен тек қана әйелдер айналысқан. Түкті кілемдердің де, тақыр кілемдердің де ортаға орналасқан суреттерін «су» жолақтарымен бөліп, қоршап тұратын «қорған», «қоршау» (шет) шеттіктерінде геометриялық немесе өсімдік тектес өрнектердің күрделене үйлескен шиыршықтары қатаң тәртіпте бірнеше рет қайталанып келеді. Тоқыма өнері үлгілеріне кілемнен басқа алаша, басқұр, құр, таңғыш, шекпен және т.с.с. жатады.

Қазақ зергерлік өнерінде зергерлер күмістен, қымбат тастардан, жартылай қымбат тастардан, арасында алтыннан әйел - қыздардың кеуде тұсына салатын алқасын, шаш ұшына байлайтын шолпысын, білезік, сырға, жүзіктерін, сондай-ақ бас киімдерге, белбеулерге тағатын металл әшекейлерін дайындаған.

XV-XVIII ғ.ғ. орта қола дәуірінде (сауыттар) ыдыстар стандарттаудың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді. Олар өте жұқа қабырғалы және әсем нақышты болып келген. Осы ыдыстар алдымен қалып немесе шығыршық жапсыру әдістерінің көмегімен дайындалған. Бұл орта қола дәуіріндегі ескерткіштердің Андронов мәдениетіне тән белгілерінің бірі болып табылады. Түбектерге ою-өрнектер сызу, мөр басу арқылы (үшбұрыштар, сиргегүлдер және т.б.) түсірілген.

Андроновтық үй кәсіпшілігінде тұрмысқа қажетті барлық заттар мен бұйымдарды қолдан дайындаған. Олар жіп иіріп, тоқыма тоқып, тері илеп, киім және аяқ киім тіккен. Киім түрлеріне түрлі-түсті жіптермен ою-өрнектер кестеледі, оларды жапсырмалармен, майда моншақтармен әшекейлеген. Матаға арналған жіптерді жануарлар жүндерінен және мамықтарынан иірді. Бұл дәуірде тоқыма станоктары және ұршықтар қолданылған. Андронов мәдениетінен табылған бұйымдарға қарағанда андроновтықтар жануарлар сiңiрлерiнен тiгiлген, өкшесi жоқ былғары аяқ киiмдер киген. Ерлер де, әйелдер де бастарына жүннен жасалған құлақшындар киген. Киiмдерiн жүн маталардан дайындап, оларға сүйектi түймелер қадаған. Әйелдер киiмiнiң бiр түрi-ұзын жеңдi, тiзесiнен төмен түскен ұзын көйлектер. Жеңдерiнiң аузы қатар тiзiлген қола моншақтармен әшекейленген. Белдемшесiнiң алдыңғы жағына ақ моншақтардан жолақтар түсiрiлген. Киiм тiлiктерi шыны майда моншақтармен безендiрiлiп, кеудесiне қаңылтырлар тiгiлген. Маталар ашық қызыл және сия түстес түрлерге боялған. Әйелдер құлақтарына қола сырғаларды және жапырақты алтындармен тысталған сақина түрiндегi сырғаларды, мойындарына қола тарақтарды, кейде олардың дөңгелектi алтын сақиналар iлiнген түрлерiн таққан. Қолдарына бiлезiктер мен жүзiктер салған. Ерлер де, әйелдер де көз, тiлден сақтау белгiсi ретiнде жабайы жануарлардың сойдақ тiстерiн, алыс теңiз жағалауларынан әкелiнген қабыршақтарды

тағатын болған. Ерлер жапырақ пішінді, қоладан жасалған ұштары бар садақтарды асынып жүрген.

Сақ тайпалары дәуірінде металл өңдеудің, соның ішінде қола құю кәсіпшілігінің өркендеуіне байланысты қолөнер кеңінен дамыған. Сақ шеберлері қоладан құйып, көрнекті өнер туындылары болып саналатын қанжарларды, садақ және найза ұштарын, ат әбзелдерін, әшекейлерді, айналарды, сондай-ақ қазандарды және құрбандық шалатын орындарды дайындаған. Бұйымдарды құйып жасауға арналған саз немесе тас қалыптар дайындаған. Әсіресе, Жетісу жерінің Іле жағалаулары мен Ыстық көл айналасынан қоладан құйылған қазандар мен құрбан шалатын орындар көптеп табылады. Қазандардың жануарлар бейнеленген аяқтары, дене қойғыштары болған. Кейбіреулерінің шеттері жануардың мүшелері бейнелерімен әшекейленген. Алматыға жақын жерден табылған қазандардың бір түрінде тау ешкісінің мүшелері бейнеленген.

Жетісу төңірегінен табылған сақ ескерткіштерінің ең көрнектісі Ыстық қорғаны болып табылады. Ол б.з.д. V ғасыр дәуіріне сәйкес келеді. Алматының шығыс бөлігінен 50км қашықтықтағы Зайлы Алатауынан табылған, қорғанның диаметрі - 60, ал биіктігі - 6м. Жер төселімінің астында екі жерлеуі болған, біреуі орталық, екіншісі бүйірлік. Орталығы тоналған, бүйірдегісіне ешкім тимеген. Мола Тянь-Шань қарағайлары бөренесінен жасалған, өлшемі 2,9×1,5м және тереңдігі 1,5м. Едені жақсы шақталған 10 тақтаймен қапталған. Оңтүстік қабырғасында ағаштан жасалған ыдыс: тікбұрышты төрт табак, шөміш қойылған.

Қола дәуірінде «андық стилі» қалыптасқан. Осы стиль оңтүстік елдер дәстүрлері негізінде сақтарға Орта Азия және Иран елдерінің «арыстан өмір сүрудің негізі» стильдерінен ауысқан. Аталған бейне бұғы, қошқар, түйе, жолбарыс, бүркіт бейнелерімен араласып бейнеленіп кеткен. Осы аталғандардың бәрі де тек әшекей ретінде ғана бейнеленбеген, олардың белгілі бір мазмұны болған.

Сақтар дәуірінде зергерлік өнер кеңінен өркендеді. Тігісті, мөр басуды білетін шебер суретшілер алтыннан, күмістен көздің жауын алатын әсем бұйымдар дайындаған. Сақтардың зергерлік өнерінің дамуын Ыстық қорғанынан табылған бұйымдар дәлел-

дейді. Зергерлік өнерінде, әсіресе, ағаштан ойылған әшекейлер алтын бетпен көмкерілген. Ағаш өңдеу өнері сақ дәуіріне дейін жете дамыған болатын. Осы айтылған ойды сақ дәуіріне дейінгі ағаштан жасалған бұйымдар, әр түрлі түймеліктер айғақтайды. Сол кезеңде өңдеу өнерімен қатар сүйек ұқсату және тері илеу өнері қатар дамыды. Сақ шеберлері жұмсақ тастарды тандап, құрбандық шалатын орындар дайындаған және оларды өте бай көрінетін ою-өрнектермен әшекейлеген. Сақ зергерлері түрлі-түсті асыл тастардан моншақтар дайындаған.

Сақтар да басқа халықтар сияқты табиғатқа табынған. Олар дүние жаратылысын (космос) өздігінше ұғынған. Олардың космос туралы түсінік-ұғымдарын Ыстық қорғанынан табылған сақ патшасының бас киімінен көруге болады. Онда ою-өрнектер тігінен түскен үш бөлікке бөлінген. Қалпақты айналдыра таулар мен ағаштар бейнеленген. Тау етегіне «жер жануарлары» жолбарыс, ешкілер сыйыстырылған. Тау биігінен құстар, қанатты жолбарыстар орын алған. Осы ою-өрнектер арқылы берілген көрініс сақ халықтарының тыныш өмірін елестетеді және олардың қоршаған орта, «дүние-жер-аспан» туралы көзқарастарын білдіреді. Мұнда дүниенің шығыс, батыс, солтүстік және оңтүстік жақтарындағы аң-қорғау бейнелері көрініс тапқан. Бас киімнің алдыңғы жағына космостың белгісі саналатын күн бейнесі, төрт қанатты аттар және төрт алтын садақ тұтас бейнеленген. Бұл бейнелер күн айналып өтетін үш дүниенің және жарық өмірдің төрт құбылысының белгісі болып табылады. Сақтар алдыңғы жағын шығыс деп, артқы жағын батыс деп ұғынған. Осындай қалпаққа тәж қадау дәстүрлі мифологиялық түсініктен туындаған.

Сақтық немесе сақтық-скифтік «андық стилі» көшпелілер идеологиясының заңды мәнері ретінде қалыптасты. Көшпелі өмір салтында да, отырықшылық тұрмыста да күнделікті өмір сүруге қажетті заттарды дайындау негізінде қолөнері дамып отырды. Қолөнердің басты түрлеріне тері илеу, ағаш ұқсату, тас өңдеу, киіз үй дайындау, металл өңдеу жататыны жоғарыда айтылған. Отырықшы қалалық және ауылдық жерлерде қыш-құмыра жасау, шыны жасау, кілем тоқу, ұсталық өнер, зергерлік өнер және тоқыма өнері дамыды. Қолөнердің өте ертеден келе

жатқан түрлерінің бірі тері мен өңдеу болып табылады. Көшпелі адамның әрбірі өзіне қажетті зат, бұйымды өзі жасап ала алатын. Дегенмен де әрбір рудың көпшілік бөп бітетін ісін басқаратын басшысы болған.

Орта ғасыр зергерлік өнерінің өркен жайған кезеңі болды. Қазақстандық зергерлер б.з.д. III-II ғ.ғ. қалыптаса бастаған полихромды стиль дәстүрлерін жалғастырды. Олардың өзіне тән ерекшелігі бар, бұйымдарға металл жалпақ тілікшелер (алтын, күміс, қола) орнату, түрлі-түсті асыл тастар орналастыру, эмальдармен қоршау, үшбұрышты және шаршы тәрізді дәндерден өрнектер түсіру болып табылады. Полихромды стильмен қапсырмалар, қаңылтыр белгілер, сырғалар және басқа да әшекейлер дайындалған.

Түрік қағанаты дәуірінде тас пен сүйек ұқсату өнері дами түсті. Бұл кезеңде тасқа мүсіндеу кеңінен тарады. Әсіресе, тас мүсіндеудің бірқатар дамыған түрлері Жетісу, Орталық және Батыс Қазақстанда орын алған. Тас мүсіндеудің ертедегі түрлері сұлбалы және жазықты болып келген болса, кейінгі түрлері көлемді, мүсін өнеріне жақын болып келген. Кейін адамның бет әлпеті, киім бөлшектері, қару-жарағы, белбеуі және әшекей зерттеліп, суреттелген.

Орта ғасырларда қолөнер кәсіпшілігі сауда-саттықтық өркендеуіне байланысты тауар алмасу жолдары дами түсті. VI-VIII ғ.ғ. атақты рулардың шеберлері ақшаны өздерінің таңбасын сала отырып қолдан шекілеу әдісімен жасады. VII ғ. Басында түрік қағанаты ру-тайпаларының ақша жасау кәсіпшілігі дамыды. VII-VIII ғ.ғ. Сүгебі қаласында ақша сарайы болды. Онда ақшаларды атақты билеушілердің суреттерімен және таңбаларымен шығара бастаған. Қазақстандықтардың қазбалары арасынан IX-X ғ.ғ. Саманидтер мемлекетінің ақшалары табылған. Жоғарғы дәрежелі күмістен жасалған дирхемдер «исмаилдар» деп аталған.

VI-XII ғ.ғ. қолөнердің дамуы кеңінен өркендеді. Қолөнерінің көркемдік саласы ұсталық, зергерлік, ағаш өңдеушілік, қышқұмыра жасаушылық өнер үлгілерімен өркен жая түсті. Бізге дейін жеткен көптеген алтыннан, күмістен, қоладан жасалған әшекейлі бұйымдар қолөнершілердің шеберлігін ғана емес,

халықтың көркемдік дәстүрлері мен эстетикалық талғамының қалыптасып, даму деңгейінен де хабардар етеді. VI-VII ғ.ғ. қол-өнер туындыларын сол уақытқа дейінгі өнер ескерткіштерімен салыстырғанда, олардың өнер үлгілерінің пішіні мен мазмұнының кеңейе түскені және жетілдірілген техникалар арқылы орындалғандығы аңғарылады. Шеберлер жазғы және қысқы үй жасаулары мен жиһаздарын, ат әбзелдерін, ер-тұрмандарын және киімдерін дайындауға аса көп көңіл бөлді. Осы бұйымдарды дайындауға байланысты ою-өрнек өнері де дами түскен. Ою-өрнектерді киізден, матадан, ағаштан, металдан, сүйектен, саздан, тастан жасалатын барлық зат, бұйымдарға әшекейленеді. Ою-өрнектерді бейнелеу техникасының да деңгейі көтерілді. Бұған Бурабай қазбаларынан табылған (б.з.д. Vғ.) Қара-ағаш типті ескерткіштер дәлел бола алады. Қолөнер дамуында металдан жасалатын әшекейлер ерекше орын алады.

Қазақ зергерлері өндіретін өнімдердің негізгі түрінің бірі болып кісе саналады. Кісе – күмісті белдікке үзбелеп таққан былғарыдан жасалған дорба. Олардың оқ салатын артық құтылары болған. Осы дорбаға оттық, шақпақтық білтесін салатын болған. Ерлер белбеуінен (кісе) әйелдер белбеуінің (кемер белдік) айырмашылығы олар дорбасыз жасалған, түрлі-түсті тастармен және өте бай көрінетін ою-өрнектермен әшекейленген. Ірі феодалдардың, байлардың киіз үй жиһаз-жасаулары көркем өрнектермен айрықша безендірілген. Осы киіз үйлердің шаңырағынан керегелеріне қарай архитектуралық фризді еске түсіретіндей жалпақ бау құрлар түсірілген, қабырғаларына шиден жасалған, киізден басылған, жүннен тоқылған, матадан сырылған бұйымдар тұтылған. Еденіне алашалар төсеп, терезелеріне кестелі шымылдықтар тұтқан. Киізден жасалған аяққаптар мен сандықты тыстайтын өрнектелген сандыққаптар да осы киіз үй ішінен табылған. Осы бұйымды әшекейлеу барысында ою-өрнектеудің орындалу техникасы қаншама жылдардың жемісі ретінде жетілдіре түскен.

Ою-өрнектеудің байырғы техникалық тәсілдерінің бірі ою-өрнекті киізге басу болып табылады. Жартылай шала дайындалған киіздің ақ түпнұсқасына басқа түсті жүнді шүйкелеп салады. Осындай әдіспен басылған киіз «текемет» деп аталады.

Осы бұйымды дайындаудағы өрнектеу техникасының бір түрі жапсырма болып табылады, яғни, киізге алуан түсті материал бөліктерін жапсырып тігеді. Жапсырма тәсілі арқылы тұсқа тұтатын түскііздер, тысқаптар, сыртқы белбеулер әшекейленеді. Бұдан басқа да күрделі тәсілдерінің бірі-мозаикалық өрнектеу, ол сырмақтарды безендіруге қолданылады.

Қазақ халқының қолөнері саласында бедер салу тәсілі кеңінен қолданылады. Осы тәсіл арқылы былғарыдан жасалатын сүт сауатын шелектер, былғарыдан жасалатын құты әшекейленеді. Бедер салу тәсілімен былғарыдан жасалатын белбеулер, ат әбзелдері, ер-тұрман жабдықтары және т.б. бедерленеді. Өрнектер өрілу техникасы арқылы да жүзеге асқан.

Киіз үй жасауларының бірі – ши орау өнері де кеңінен тараған. Бауларға, киізден жасалатын бұйымдарға әрі анық, әрі мәнерлі түсірілген суреттер киіз үйдің сәнін келтірген. Қазақ ою-өрнектері ағаш ұқсату, сүйек ұқсату, металл өңдеу, тас өңдеу өнерінде де дами түсті. Қазақтардың ағаштан жасалатын заттар мен бұйымдарының ою-өрнекпен әшекейленбеген түрлері кездеспеген.

Қазақ ою-өрнектерінің шығу тарихының тамыры тереңде жатыр. Археологиялық зерттеушілердің айтуы бойынша қазақ халқының ою-өрнектері ертедегі көшпелі тайпалар өмірімен тығыз байланыста дамыды. Олардың дамуында Алтай және Орта Азия халықтары өнерінің де әсері болды.

XX ғ. басындағы қазақ халқының бейнелеу өнері ерте кезеңдердегідей сәндік-өрнектілік тұрғысынан дами түскен. Сонымен қатар кәсіптік станоктық өнер де дами бастаған.

Қазақстандағы кәсіпті бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі болып Н.Г.Хлудов (1850-1935) саналады. Н.Г.Хлудов өткен жүзжылдықтың 80-жылдарынан бастап өмірінің соңғы күніне дейін қазақ халқы тұрмысын суреттеген. Оның шығармашылығы шыншылдығымен ерекшеленеді.

Сонымен, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының қолөнері тұрмыстық өмірдің өркендеуіне және басқа елдермен қарым-қатынастық дамуына байланысты дамып отырған.

Бақылау сұрақтары:

1. Көшпелілердің тіршілікқамы жүйесін қалай түсінесіз?
2. Көшпелі қазақтардың киімдерінің дәстүрлі пішімі?
3. Ұлттық киімдердің шығу және даму тарихы?
4. Жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық киімдерінің бөлінуі?
5. Қазақ халқының қолөнер туындылары?
6. Қазақтың ұлттық киімдері жайлы түсінік
7. Қола дәуіріндегі ұлттық қолөнер?
8. Ою-өрнектеудің байырғы техникалық тәсілдерінің бірі?
9. Желбегейленген киім дегеніміз қандай киім?
10. Қай ғасырда қолөнердің дамуы кеңінен өркендеді?

2-ТАРАУ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАС КИІМДЕРІ

2.1 Қазақтың дәстүрлі ерлер бас киімдері

Қазақтың дәстүрлі бас киімдерін этникалық географиялық тұрғыдан қарастырғанда оны қазақ этносының рулық-тайпалық құрылымының озық үлгісі ретінде бізге қалған ескінің көзі. Бас киімнің дәстүрлі қазақы ортадағы адамның күнделікті тіршілігіне тікелей қатысты кәсіби қажеттілігінен басқа сан алуан ғұрыптық, ырымдар мен әдеттік жосындар әлемімен өзара себеп-салдарлық байланыста астасып жатқан қырлары мен сырлары толып жатыр. Әлбетте, бұл адамның бас мүшесінің айрықша қастерленетіндігімен түсіндіру қажет. Сондықтан да, бас киімге байланысты кездесетін алуан сырлы, сан қырлы болып келетін салттық, ғұрыптық, әдеттік мәні осы киімнің түрін көшпелі ортада қасиетті деңгейде қастерлеуге болады.

Ал оның кешегінде халқымыздың сезімталдығын, аса зор эстетикалық талғамын аңғартатын қарқара, айырқалпақ, қасаба, мұрақ сияқты зерлі-кестелі бас киімдердің, бұрын бір ата елдің, кіші-гірім бір рудың ортақ мұрасы ретінде, қыз ұзатып, келін түсіргенде ғана кигізетін төбелі сәукеле болғаны әсемдікке күш-тарлықты көрсетеді. Қазақта баскиімдерді ерлер де, әйелдер де киеді. Ерлер мен әйелдердің баскиімдері әртүрлігімен ерекшеленеді. Ерлердің баскиімі сан жағынан онша көп емес: мұрақ,

қалпақ, бөрік (елтірі, төрт төбелі, қайырма, дөңгелек, жантай бөріктер), тымақ, малақай, құлақшын, жалбағай, тақия, күләпара және т.б.

Мұрақ – лауазымды адамдар (хандар, төрелер, билер) киетін екі жағы қошқар мүйізденіп келген, салтанатқа ғана арналған қалпақ түрі. Мұраққа қарап халық мансапты адамдар деп біледі. Оюлап, өрнектеп, әртүрлі алтындаған, күмістелген жіптермен зерленеді.

Мұрақты әр жерде әртүрлі атпен айыр қалпақ, сәукеле қалпақ деп те атап келген. Мұрақты киюдiң де өзiндiк тәсiлi болған: оны тiк арнайы тiгiлген шошақ қалпақтың сыртынан ғана киетiн болған.



Бас киiмнiң бұл түрiнiң тек әр түрлi жиналыс, той-домалақ, сән - салтанатқа ғана кию маңызды болған.

Тымақ – терiсiне қарай сусар, елтерi, түлкi, бұлғын, сеңсең, жабағы тымақ, қарсақ, пұшақ тымақ және пiшiнiне қарай – жаба салма, қайырма, төрт сай, дөңгелек төбе, шошақ төбе, жеңiл тымақ деп бөлiнедi.



Түлкі пұшағы, сусар, құндыз терісінен жасалған тымақтар сәнді де, бағалы бұйым ретінде саналады. Түлкі тымақты қыста, пұшақ, жеңіл тымақты жаз, күз айларында тақия немесе шыт сыртынан да кие береді.

Айырқалпақ – төбесі шошақ, ақ киізден немесе күзем жүнінен тігілген ерлер бас киімі. Бұл қалпақты алғаш рет Пазырық қорғанынан табылған. Айырқалпақты күз бен көктемде, салқын таулы өңірлерде жаз айларында киген.



Қалпақтың төбесі және қайырмасы деп аталатын екі бөліктен құралады. Қалпақ төрт және одан да көп құрамнан тігіліп, жиегі қайырмалы болады. Қайырма етегі мен төбесін түрлі түсті жібек матамен тыстау немесе ою-өрнек салынады. Төбесі жібек жіптермен шашақ шоғы түптеліп немесе қара барқытпен көмкеріледі. Шибарқыт, шұға сияқты матадан да сырып, ақ түсті киіз-

дерден және іші қатырылып, қаптау тәсілдерімен де тігеді. Қалпақтың ақ киізден жасалатын түрін **ақ қалпақ** деп аталады. Салтанатты ақ қалпақтарды ақ жібекпен кестелеген, айналдыра күміс оқамен көркемдеген және шетін жағалай бау тігістермен әшекейлеген. Осындай қалпақты қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев киген түрі Эрмитажда сақтаулы.

Жантай бөрік. Иленген теріден төрт сай егіп пішіп, жүнін ішіне қаратып тіккен ер адамның бас киімі. Милықтың жиегінің кара түсті қаракөл терісімен әдіптелген.



Бөрік – ерлер де, қыздар да киетін баскиім. Бөрік – «бөрі» қасқыр деген сөзден шыққан. Ал, қасқыр түрік тайпасының байырғы тотемі саналған. Пішіні төбесі биік конус тәрізді дөңгелек, көбінде төрт сай болып келеді. Оны тіккенде алдымен өлшеп алып, әр сайдың төбеде түйісетін ұштары үш бұрыш тәрізді, етек жақтары тік төрт бұрыш болады.

Осы қиындылардың бір бетіне матадан астар, екі арасына жұқа бидай мата салып, бұлғын, камшат үлбірлерін салып, сырып тігеді. Одан соң жеке-жеке сайларды біріне-бірін теңестіріп ішінен де, сыртынан да жөрмеп тігеді.



Бұдан кейін бөріктің төбесін жай матамен астарлап тігеді де, төменгі жағын төрт елідей (терісін сыртына қаратып) көмкереді. Бөрік әртүрлі үлгіде козы, қой, түрлі аң терілерінен тігіледі.

Құлақшын. Жасыл барқытпен тысталған, төрт сайдан құралған ер адамның қыстық бас киімі. Бидайы түлкі терісінен, төбесінің астары саржадан салынған.

Төрт бұрыш болып қайырылған маңдайына және желкелігі мен құлақшаларының ішкі бетіне түлкі терісі тігілген. Желкелігі қысқа, құлақшалары ұзындау. Сол жақ құлақшаларының ұшына ширатылған жіптен ілмек, келесісіннің ұшына түйме тағылған.



Малақай – маңдайша, екі құлақшын жақтауы мен төбесі және артқы бөліктен тұрады.

Малақай аң терлері мен елтеріден арасына жүн, мақта салып, сырып тігілген ерлер, соңғы кездері әйелдер де киіп жүрген жылы бас киім. Тымақ тысты, тыссыз бітеу деп бөледі. Тысты малақайларды қымбат бұл немесе былғарымен тыстаса, бітеу тымақтардың тысы тұтастай аң терілерінен жасалынады.



Малакайдың маңдай түрмесін сыртына қаратады да, құндыз, бұлғын, сусар, түлкі, суыр, күзен, тышқан, қоян т.б. аң терілерімен қаптайды.

Тақия – барқыттан, қамқадан тігілетін жұқа, әрі шағын бас киім. Ертеректе оның шеттері ақ тиіннің, сусар мен бұлғынның үлбірлерімен көмкерілген, күміс және алтын ызбалармен әшекейленген.



Жасалу үлгілері көп: зерлі, үкілі, оқалы, сырма деп бөлінсе, пішіміне қарай шошақ төбе және тікше деп бірнеше түрге бөледі. Етегі аласа, төбесі төрт сай болып келетін кестелі шошақ тақиялар Оңтүстікте, ал, тегеріш тақиялар Орталық және Шығыста көбірек кездессе, жалпақ төбелі, етегі биік, тостаған сияқты түрлері Батыс өңірге тән. Оны Маңғыстау өңірінде телпек, шығыстағы қазақтар кепеш деп атаған. Іші елтерінен немесе аң терісінен жасалатын, матамен тысталатын бөрікті Арқада тақия дейді. Ерлердің киетін тақиялары сәтен, шұға, барқыт сияқты маталардан әртүрлі тәсілмен тігіледі.

Жалбағай, башлық, далбай, күләпара деп аталатын бас киім түрлері тымақ тәрізді қалың немесе жұқа матадан да, жұқа ақ киізден де тігіледі. Олар қазіргі кезде көп кездеспейді. Олардың пішіні бір-біріне ұқсас. Кең мол пішілген, бас киімнің сыртынан киіліп, иықты жауып тұратын, жауын, желден қорғайтын бас киімнің ерекше түрі.

Жаз, күз, көктем айларында киетін, жеңіл, жылы, қолайлы бас киім. Күләпараның төбесін шошақ етіп, екі қабат матадан сырып тігеді. Ертедегі түрік тайпалары «башлық» деп атаған.



Темір баскиімге: **дулыға, темірқалпақ, теміртелпектер** жатады. Ұрыс-төбелес, жау-жардан, соғыста басты оқтан, шабу, ұру, кесу құралдарынан қорғайтын темір дулығаның түрі көп: қаттама дулыға, көбе дулыға, темірқалпақ, теміртелпектер.

Далбағай тымақ. Сұр түсті мақта матамен тысталған астарының орнына қой терісі салынған ер адамның қыстық бас киімі. Төбесі және етегі екі бөліктен тұрады. Төбесі қалпақ тәрізді келген төрт сайдан құралған, дөңгеленіп келген. Ені трапеция пішінді екі бөліктен тұрады. Оған жеке пішілген маңдай қондырылған. Тымақтың ең беті сұр матамен тысталып, етегінің ішкі бетіне иленген қой терісі тігілген. Жиегін айналдыра тігін машинасымен сырылып тігілген.



2.2 Қазақ әйелдерінің дәстүрлі бас киімдері

Қазақ әйелдерінің баскиімдері олардың жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бір-бірінен ерекшеленіп отырған. Халық киімдерінің ең мәнерлісі де, ең өзгешесі де әйел бас киімдері болып саналады.

Қазақтар ұлттық бас киімдерін XV ғасырда Қазақ хандығы орнағаннан бастап кие бастады. Ұлттық бас киімдеріне қарай қай тектің өкілі екендігін таныған.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап халық киімдеріне өзгерістер ене бастады. Әйелдердің ұлттық бас киімдеріне – сәукеле, бөрік, орама-кимешек, жаулық, күндік, желек, шәлі, қасаба, тақия, шылауыш, жаулық жатады. Әйелдерге арналған бас киімдер күрделілігімен және бай безендірілуімен ерекшеленеді.

Бас киімдер барқыт, мақпал, жібек, креп-сәтен, креп-шифон маталарынан тігіліп, бау, ызба, страз, жылтырақ түйме, шыны моншақ, маржан, алтын қамқамен әшекейленеді.

Кимешек - қазақ әйелдеріне тән ерекше бас киім. Ақ матадан тігіліп, жиегін сан алуан әшекеймен безендірілген бас киімнің бір түрі. Кимешек әйелдің бет әлпеті түсі ғана ойық түрінде ашық етіп жасалса, қалған бөліктері дененің кеуде, иық, омырау тұстарын толық және мол жауып тұрады. Кейде түрлі түсті маталар да пайдаланған. Иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын шықшыт, алдыңғы, яғни өңірге түсіп тұрған

бөлігін жақ, ал адамның бөлінен төмен, шашты жауып ұзын ұшы бар бөлігін құйрықша деп атайды.

Кимешектің ең ежелгі түрі – орама кимешек. Оны Қазақстанның батыс аймақтарындағы арғындар киген. Ертеректе өмір сүрген адамдардың айтуы бойынша орама кимешекті XIX ғасырдың 20-30 жылдарында да киген, бірақ XX ғасырдың басында оның басқа пішіндері пайда болды. Бетті көрсетуге арналып ойылған мата бөлігін тікпестен, онымен басты орап бекіткен.



Кимешектің тағы бір түрі бір бөлік матадан тұтас пішіліп, қыр жағына түсірілетін бір тігіспен тігілген және бетті көрсетуге арналған ойық тесігі болады. Кимешектің осындай түрі Жамбыл және Шымкент облыстарында, Омбы және Атбасар жерлерін мекендеген орта жүздің қоңырат руында сақталған.

Солтүстік және Орталық Қазақстан кимешектерінің өң беті трапеция немесе үшбұрыш пішінді пішіліп, жоғарғы тар бөлігінен бетті көрсетуге арналған тесік қалдырылады, әдетте артқы түзу емес ромбы тәрізді пішінді бөлігі тізеге дейін немесе өкшеге дейін жететін ұзын болған.

Қоңырат кимешектері бөлшектерінің айрықшылығымен ерекшеленеді: оның төбесі тігілмеген, басын үстінен жауып тұру үшін алдыңғы жағынан тікбұрышты мата бөлігі тігілген. Осы нұсқаның әр түрлілігі Қызылорда облыстарында кездеседі: матаның ұзындығы енінен екі есе ұзын тікбұрышты бөлігін ұзындығы бойынша тең бөліп қаттап, бетін қынап тұратындай етіп жан-жақтарын тіккен. Пайда болған екі қабатты шаршының

біреуі кимешектің арқасын жабуға, екіншісі – алдыңғы жағына арналған. Оның тігілмеген төменгі бұрышын жарты шеңбер пішініне келтіріп кескен, жоғарғы бұрышынан бетті көрсетуге арналған тесік шығарылған. Төбесінің ұшын кішкене кесіп, ойық бойынша матаны бүрмелеген немесе бүрмелеп тіккен, онша үлкен емес матаның құрақ бөлігін төбесіне тіккен.

Сырдарияның төменгі бөлігін мекендеген кіші жүздің ыстық руының әйелдері бүрмелі кимешек киген. Оның өң беті тікбұрыш тәрізді пішілген: төменгі ұзын жағы омырауды жауған, ал жоғары бөлігі бүрмеленген және бетті қырларын қоршаған ұшы басқа байланған. Кейде артқы бөлігінің жоғары ұшына тымақ тәрізді төбе тіккен.

Кимешек жас ерекшелігіне байланысты әшекейленеді. Ең әдемі әшекейленген кимешектерді жас келіндер киген. Отыз жастан асқан әйелдердің күміспен және моншақпен әшекейленген кимешектерді киюі орынсыз саналған, ал балалары есейген ересек әйелдер тек қана әр түрлі жіптерден аз ғана қатарлар жүргізіліп кестеленген кимешектер киген. Жиын-тойларға киіп баратын кимешектердің тігісін бойлай күміс тағымдар қадап, кеудесі мен жауырын бөліктерінің төменгі құрық шеттеріне шашақтар тігеді, кейде күміспен, тана, моншақтармен шеттіктеледі немесе жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі.

Жаулық – егде әйелдердің басына орап тартатын бас киімдерінің бірі. Жасы үлкен әжелерді, асыл аналарды ардақтағанда «ақ жаулықты» деп дәріптеуі сондықтан. Жаулықты кимешектің сыртынан тартады. Жаулық әртүрлі аталған: Оңтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанда оны көбінесе шаршы (матаның көлеміне байланысты), Жетісу, Алтай өңірлерінде шұлауыш, ал Оңтүстік Қазақстанда күндік деп атайды. Күн тимеу үшін киілетіндіктен жаулықты күндік делінген. Жаулықтардың да кимешек сияқты әр тайпа мен рудың өзіне тән ерекшеліктері болған.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс бөлігінде жаулық атауы кең тараған. Жаулықты салу тәсілі таралған аймақтарына қарай ерекшеліктері болған. Ең қарапайым түрі Шығыс Қазақстанда, Лепсі оязындағы Жетісуда: шаршы матаны екіге бүктеп, қиғаштап қайырған соң басты айналдыра бір орап,

арт жағынан қобыратып түйген, түйін көбінесе орамал астына таңылған, орамалдың төменгі бос бұрышы арқаға түсіп тұрған.

Оңтүстік Қазақстанда басқа пішім: шаршы матаны жиірек тұтас бүктеп, басты екі айналдыра орап, екінші орамда алдыңғы жағын қиғаш қиыстырып, желке жаққа апарып, шеттерін байлаған.

Ал, Жетісу, Әулиеата оязы, Сырдария және Орталық Қазақстанда матаны біртіндеп басқа орап, ұштарын орам астына кіргізіп, желке жағына түйген. Батыс Қазақстан өңіріндегі егде жастағы әйелдер жаулығының пішімі де тура осындай болған.

Маңғыстау өңірінің адайлары бір өзі астыңғы, үстіңгі әйелдер бас киімін алмастыратын қос жаулық тартқан. Бұрынғы Торғай облысында жас келіншіктер басына сұлама және сәукеле жаулық киген. Оның негізін бірнеше қабат қағаз немесе картоннан жасаған (бұрындары киізден жасалса керек). Түрі жоғарыдан қиылған конус сияқты, биіктігі жарты метрдей, қапталған матасының артқы шеті емін-еркін арқаға түскен.

Жаулықтың жібектен шашақтап тоқыған түрін бөртпе деп атаған. Жібектен және матадан шашақ шығармай тоқыған, қалыңдау келген түрін салы деп, жібек жіпті, тоғын тектес, үлпілдек жұмсақ маталардан немесе ешкі түбітінен жасалған түрін шәлі деп атаған.

Бөртпе шәлі. Сары түсті бізбен селдір етіп тоқылған, төртбұрышты әйел жаулығы. Шетін айналдыра тоқылып, ұзын шашақты.



Қасаба – төбесіне шоқ қауырсын қадалып, әшекейлермен безендіріліп, самай тұсына 5-6 қатардан ілмелі моншақ, күміс қоңыраушалар тағылған, артқы тұсына ұзын салпыншақ жіберіп жасалған қыз тақиясының бір түрі.



Көне түркі және қыпшақ бас киімнің негізгі элементтері мол енген қасаба атауы «алтын зерлі» деген мағына береді деген этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібеков. Дәстүрлі ортада қасаба көбіне төрелер мен сұлтандардың қыздары ғана киетін бас киім түрі болған.

Тақия – қыздар дәуреннің белгісі сияқты асқан ұқыптылықпен, зерлі тігістен басқа да әртүрлі моншақтармен, күміс теңгелер, маржан тастармен әшекейленіп тіккен.

Тақия XVIII ғасырдан бастап киіле бастаған. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ тұрмысын зерттеушілердің көрсетуіне қарай қыздар киетін «скуфьяның» төбесі үшкірлеу болған. Олардың бізге жеткен түрлерімен салыстырғанда, ерлердікінен айырмашылығы болмаған.

XIX ғасырдың соңында төбесі дөңгелек, цилиндр пішінді, төбелеріне жіп шашақтар, ұсақ моншақтар немесе тұмар ретінде үкі тағылған тақия пайда болды.

Қыздардың тақиясын бір түсті барқыт, мақпал, шұға сияқты маталарынан тіккен. Әшекейлі жапсырма, алтын, күміс, зер жіптермен біз кесте, тығыз кесте, аралас техника тәсілдері арқылы кестеленіп, моншақ асыл тастармен безендіріледі. Үкінің


үлпілдек қауырсынын әсемдік үшін және тұмар ретінде тақияның төбесіне қадайды.



Сәукеле – қазақ ұлттық киімдері ішіндегі ең қымбат және сәнді бұйым. Шошақ, биік төбелі ұзатылған қыз киетін ғұрыптық бас киім. Сәукеле үшкір тымақты сақ-тигрохаудтардың бас киіміне ұқсас.

XIX ғасырда қымбат сәукелелердің бағасы таңдаулы жүз аттың құнына дейін жеткен. Олардың металдан жасалған торлы тәжісінің (алтыннан немесе інжу, маржан жіптерінен құрастырылған) маңдайында салпыншақтары және иек асты әшекейлері болған. Сәукеленің қаңқасы матамен қапталған және оған әр түрлі конфигурациялы металдан жасалған және олардың арасына қымбат және жартылай қымбат тастар қойылған.

Сәукеленің қазіргі түрлері қатты қаңқа негізінде стрейч-мақпалмен тысталып, сайы құндыз үлбірлермен, мамықтармен қапталып, арнайы зерлі моншақ бұйымдармен әшекейленген. Негізгі бөліктері – тәж, төбе, самай бау және артқы бау. Сәукеленің биіктігі 25-30 сантиметр аралығында болады. Бұйым өсімдік тектес немесе аралас ою-өрнектермен жапсырма, ришелье, біз және тығыз кесте тәсілдері арқылы кестеленеді. Кесте беті моншақтармен, маржандармен, бұрымды алтын баулармен, ызбалармен қосымша әшекейленеді. Сәукеленің төбе ұшына міндетті түрде үлпілдеген үкі қауырсыны тағылады.



Бөрiк – қалқаны үлбiрмен көмкерiлген бас киiм. Қыздар киген бөрiк пішiмiне қарай ерлер бөркiне ұқсас болған.

XIX ғасырларда оның сыртқы түрi ұшы үшкiр биiк конустық пішiнiнен басқа жайлы киiлетiн, биiктiгi аласа бас киiм түрiне өзгерген. XX ғасырдан бастап оның жаңа – бөлек тiгiлген қалқаннан және тегiс немесе дөңес төрт үшбұрыштан тұратын түрi пайда болған.

Қыздар киетiн бөрiктiң төбесiне үкi немесе әртүрлi шашақ тағып, зерлi жiппен кестелеп, меруерт, маржан тiзбелер мен алтын немесе күмiс түймелер таққан. Аталуы жиегiнiң белгiлi бiр аң терiсiмен (құндыз, сусар, пұшак бөрiк) көмкерiлуiне байланысты болады. Қызыл баркытпен тысталған, үшкiр төбелi қыз баланың шошақ бас киiмi. Бидайды мақтадан, астары атластан салынған, жиi сырылған керегесiнiң сыртына парша матасынан тiккен. Ол төбелiктi сайға бөлгендей тiк, көлденең, доғаша бағытта тiгiлген. Етегi құндыз терiсiмен жұрындалған. Оның жоғары тұсының екi жанынан бармақтай терi қиығы (тiлше) тiгiлген.



Дөңгелек бөрік. Жасыл барқытпен тысталған, жартылай шеңбер тәрізді, жалпақ төбелі әйелдің бас киімі. Төбесіне шоқталған үкі қадалған. Астары ашық қоңыр түсті саржадан сырылып тігілген. Төбесінде сайлардың қосылған тігісінің үстінен және кереге мен төбенің түйіскен қырына зертаспа бастырылып тігілген.



Төбесіне дейін жеткен тік, биік керегесіне қыркылған қой терісінен жеке тігілген жалпақ жұрын қондырылған.

Зере - сәукеле ішінен киетін бас киім. Конус пішінді, қызыл барқытпен тысталған, қызыл көк түсті кенеппен астарланып тігілген. Жоғары жағына тік, төменгі бөлігі көлденеңінен жиі сырылып қатайтылған. Желке тұсында қызыл барқыттан тыс-

талған, үшбұрыш пішінді артқы құлағы сары түсті мақта матамен жиектеліп, қызғылт матамен астарланған. Екі жақ самайынан барқыттан тігіліп, зертаспаен көмкерілген екі жақтама салбыратылған. Оның оң жағындағысының бетіне ақық пен перуза орнатылған үш жез пластина тағылған. Екі жақтауына қызыл гүлді мақта матадан ызылған жіңішке құлақбау тағылған. Милығының маңдай тұсы құндыз терісімен жұрындалған.



Бақылау сұрақтары:

1. Қазақтың дәстүрлі ерлер бас киімдерін атаңыз?
2. Мұрақты кімдер киген?
3. Сәукеленің биіктігі шамамен қанша болады?
4. Айырқалпақты қандай айларда киген?
5. Бөрік деген сөз қалай шыққан?
6. Тақияны қандай маталардан тігеді?
7. Қазақтың дәстүрлі әйелдер бас киімдерін атаңыз?
8. Сәукеле ішінен қиетін бас киім?
9. Сәукеленің қазіргі түрлері қалай әшекейленеді?
10. Дәстүрлі ортада қасабаны кімдер қиетін болған?

3-ТАРАУ. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ СЫРТ КИІМДЕРІ

3.1 Ерлердің ұлттық сырт киімдері

Қазақ халқының өмір тіршілігінде дәстүрлі сырт киімдерді тігуде төрт түлік малдың терісі мен жүні үлкен рөл атқарған және ата-бабамызға осыдан екі мың жылдар бұрын білгілі болған. Сырт киімнің көне түрлерін тігуде негізінен үй жануарлары терілері мен жүндерінің ең асылдарынан басқа, жабайы аңдардың да терілерін пайдаланған. Киімді асқан ұқыптылықпен шаршылап, қылшығын сыртына шығара басқан жұқа киізден аққара немесе қоңыр түсті етіп, атқа отыруға, көшіп-қонуға және ауа райының қолайсыз жағдайларына ыңғайландырып тіккен.

Көне заманғы ерлердің сырт киімдері түймеге бекітілмейтіндіктен, тек белбеумен ғана оң жаққа қарай қаусыра киген. Ұлттық сырт киімдер жасалған материалына, мәнер үлгілеріне және таралған аймақтарына, жүз, ру атауларына қарай – шекпен, бешпент, күпі, тон (камқа, сеңсең, қасқыр шолақ, кеудеше т.б.), шапан (күдері, қаптал, шолақ), дақы, ішік (қасқыр, пұшақ, бота, түлкі) болып бөлінеді.

Шекпен - жауын-шашынды күні, ызғарлы күндері киетін сырт киім. Ертеректе шекпен бота, тайлақтың майда жүнінен қылшықталып иіріліп, өрмекте тоқылған жұқа матадан тіккен. Астарсыз шекпенді «Шидем шекпен» дейді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек жеңін сондай матамен көмкеріп өңделеді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқылған шекпен де әдемі болып шығады.

Шекпен су өткізбейді. Бұйым ұзын мол тігіледі, жанында жырымы болады, ілгек салынбайды. Алды бір-біріне қаусырылатындай ашық, жеңі қолдан сәл-пәл ұзынырақ болып келеді. Белге шалма белбеу, бау, кемер белбеу, қайыс белбеу, тоғалы былғары тағылады. Мойынға ыңғайлап, көкірек ашық тұратындай етіліп, өңірімен жалғасқан үш-төрт елідей тік жаға салынады. Жағасы алдыңғы және артқы бойы негізгі жібі бойлай пішілсе, жеңі бұған кесе арқау жібі бойынша пішіледі. Жең ұшы,

жырым мен етек, өңір, мойын шеттері әртүрлі әдіспен әдіптеледі. Кейде жіпті бояп тігетін шекпендер болған.

Мысалы, шекпен ұштарын қызыл матамен әдіптеліп, жеңіне ақ гүлді қосақ қызыл жіп арқылы шырай берілген.



Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылса аса мықты болады, ұзақ киіледі. Оған мақпалдан немесе басқа қалың матадан қайырма немесе тік жаға салады.

Шекпеннің астарсыз, сырып тігілген жеңіл түрі – **жағадай**. Жағадайды бұрын шаруа адамдары күзгі салқыннан бастап, жазғытұрымғы өкпек жел басылғанға дейін үстінен тастамаған. Жағадай қаусырылып, белі жібек матамен буылады.



Ішік - қазақтың ұлттық киімдерінің бірі, оны елтіріден, сеңсеңнен, әр түрлі аң терілерінен тігеді, сырты матамен тысталады. Ішік ұзын тон етіліп тігіліп терісі сыртқа қаратылып, астар салынып тігілетін болған. Бұйым алдынан ашылады, ілгегі, жағасы болады. Ішік тігілетін терінің түріне қарай: елтірі ішік, сеңсең ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік, пұшақ ішік, орман ішік, бұлғын ішік т.б. деп аталады. Ішік тігетін терілердің бәрі иленіп, баппен өңделеді. Ішікті жөрмеп тігеді және тігістерінің бәрі терінің тақыр жағына қарайды. Жұқа терілерді мақта жіппен тіксе, ал қалың терілерге жүн жіп пайдаланылады. Ішіктің іші дайын болған соң, оның тақыр бөлігіне бидай шүберек көктейді де барқыт, шұға, пүліш сияқты қалың тыстық маталармен тыстайды. Қасқыр ішікке қасқыр не түлкі терісінен, құндыз не бұлғын терісінен жаға салынады. Ішік екі маусымда киюге арналған жылы киім. Мысалы: қасқыр ішік, түлкі ішік, бөкебай ішік, қарсақ ішік, бұлғын ішіктер - қыста, пұшпақ ішік,елтері ішіктер - қара күзде, көктем айларында киюге арналған. Ішік (тұлып) – тізеге дейін төмен түсіп, күләпара тәрізді жағасы бетті бүркеп тұрады. Жеңі қолдан едәуір ұзын, ілгекті, алды ашық сырт киім. Алды қаусырылып, беліне белбеу буылады. Бірнеше түрлі әдіспен өңделеді.

Қасқыр ішік. Қасқыр терісінен жасалып, қара түсті шұғамен тысталған ер адамның сырт киімі. Жеңінің ішіне иленген

қой терісі тігілген. Қондырма жеңді, үлкен қайырма дөңгелек жағасы бар. Жағасының асты шұғадан жиі сырылып тігілген, бетіне қасқыр терісі күсілген. Жағаның астына желкелігіне ілуге арналған ілмек қадалған. Белінен төмен кеңейтілген. Оң жақ өңіріне үш дана қара түсті түйме, сол өңіріне тұйық түймебау түймеленеді.

Сеңсең ішік, қасқыр ішіктерді ерлер, ал қалған түрлерін көбінесе әйелдер киген. Әйелдер мен бойжеткендер киетін ішіктер өте сәнді етіп тігіледі. Олардың өңіріне, жеңінің аузына, етегіне айналдыра құндыздан, сусардан жұрындалады. Тысына жібекпен кесте тігеді. Елтірі ішік аса марқаймаған қозының бұйра елтірісінен тігіледі. Сеңсең ішік – марка қозының терісінен сеңсеңінен тігіледі. Орман ішік түлкінің тамақ терісінен, пұшпақ ішік – түлкінің пұшпақ терісінен тігіледі. Ішіктің қайсы түрі болса да әрі жылы, әрі киюге арналған сәнді киім.



Түлкі ішік. Иленген түлкі терісін жолақтап құрастырып, көк түсті драп матамен тысталған ер адамның сырт киімі. Пішімі трапеция пошымды, етек шалғайына қарай кеңіе түскен. Екі бүйіріне үшкіл шабу салынған. Қайырма жағалы, қондырма жеңді, жеңі қусырылып тігілген. Жеңіне тері күсілмеген, кері-

сінше қалыңдатып бидайлап, матамен астарлаған. Оңға қарай қаусырынылады.



Тон – ең көп тараған сырттан киетін қысқы киім. Иленген, кейде боялған терінің жүні ішіне қаратылып тіккен. Тон - қозы, қой, ешкі, арқар терілерінен тігіледі. Бұйымды үлкен кісілер, әйелдер, балалар да киетін ортақ сырт киім. Тонға белбеу буылады, ілгегі болады, денені суықтан қорғап, жылылықты сақтайды.

Тон тігісіне, үлгісіне қарай қималы, бүрмелі деп аталады. Кеудеше тон – жеңсіз, ілмектелген, өңірі мен шет-шеттері терімен әдіптелген шолақ тон. Қалтасы болуы мүмкін. Тонның екі өңірі, артқы бойы, кеудесі мен етектері бөлек пішіліп, тігілген сыртқы киім. Оның етегі мен кеудесін қусырады да, кейін етегін кеудесіне бүріп қондырылып астарсыз тігіледі. Кеудесіне қарағанда етегі кең. Тонның етегін кестелеп, өңірін шашақтап, жағасына елтіріден, қозы, аң терілерімен көмкеріп сәндеген.



Көнеден жеткен **сеңсең тон** – бұйра қозының терісінен тігіледі. Алдыңғы қос өңірі етегіне дейін, етегі айналдыра, жеңі терімен әдіптеледі. Әдіп жүні сыртына қаратылады. Пайдаланылатын тері басқа түсті болуы мүмкін. Қайырма жағасы қомақты болып, кеудені толық жауып тұрады. Жең ұшы, етегі, алдыңғы бой өңірлеріне кесте жіппен ою-өрнектер салынған.



Шолақ тон – ұзындығы тізеге дейін немесе одан да сәл төмен түседі. Жағасы құлақты жауып тұратындай, жеңі қолдың басын тұтас жабатындай етіліп жасалады. Артында тартпасы болады. Пальтолардың алды сияқты кеудесі ашық, қажетінде түймеленеді. Қазақ халқы тонды жүріс-тұрысқа, жұмыс істеуге кедергі келтірмейтіндей, еркін қимылдауға мүмкіндік беретіндей етіп, ілгекті, қалта салып тіккен.



Елтері тон. Сары түске боялған теріден жүнін ішке қаратып тігілген ер адамның сырт киімі. Кебенекше ойып пішілген, иығында тігісі жоқ. Төртбұрыш қиықтарды құрағанда түйіскен

жеріне қызыл түсті матадан сыздық салынған. Тік жағалы тұтас жеңді, жағасы, алды, етегі, жеңі қара ептірімен жұрындалған, оған жапсарласа ала жолақтары бар қызыл матадан таспа салынған. Етегінің екі жағында жырығы бар, желке және алдыңғы өңірінде сары күдеріден үш бұрыштап тігілген бау тағатын әшекейі тігілген.



Дақы – тұлып сияқты, бірақ жүні сыртына қаратылып, іші астарланып жасалатын ежелгі қысқы киім. Пішімі ішкінің үлгісіне ұқсас. Оны соғымға сойылған түбіті қалың, қылшығы ұзын серкенің терісінен немесе тау ешкі терісінің қылшығын сыртына қаратып, тонның сыртынан киетіндей етіп тігеді.

Дақыны қарлы боран, аяз күндері ұзақ жолға шыққандар мен жылқы күзетіндегілер сырт киім сыртынан, суықтан қорғану үшін киген. Бұйым қара және ақ сұр түсті ешкінің терісінен құрап тігілген, аязды күдері киімнің сыртынан киетін ер адамның қыстық сырт киімі. Қара түсті мақта матамен астарланған. Белінен сәл ғана қынап пішілген, бүйірінде үшкіл шабулары бар. Қондырма жеңді, үлкен қайырма күйек жаға салынған.



Пұшпақ ішік. Ішін түлкі пұшпағынан құрап, тысын қара көк шұғадан салынған ер адамның сырт киімі. Кең пішімді, қондырма женді. Марқа қозы терісінен салынған қаусырма жағасы бар. Теріс (солға) қарай қаусырынылады, екі пластмасса түймесі бар.

Күні – кең пішілген, етегі тобыққа дейін түсетін, сыртын әртүрлі матамен тыстап, түйе мен қойдың жабағы жүнін ішіне қаратып тігілген, аязды күні киетін көне сыртқы киім. Ауқатты адамдар түйе жабағысын қымбат матамен тыстап, оқа, шашақ, әшекей тағып, жағасына құндыз ұстап тіккізген. Әйелдер күпісі көбіне өңі ашық матадан, жағасы кестеленіп, жеңіне құндыз салып, әдемілеп тіккен.



Тон – Қоңыр сары түске боялған қой терісінен тігілген ер адамның қыстық сырт киімі. Терілердің кейбірі бұйра елтірі тәрізді, біразы соғымдық (сабалақ) теріден жасалынған, ашық қою түспен боялған құрақтарынан қиыстырып пішілген. Жағасын, етегін, жеңін қара терімен көмкерілген. Түймесі жоқ.



Бешпент – күнделікті, жеңілдеу тігілген үсті киім. Оны үлкен кісілер, әйелдер, балалар да киетін ортақ сырт киім. Бешпент пішімі тік, ұзын жеңді, кішкене жолақ жағасы өңірімен бірігіп тігіледі. Бешпенттің астары мен ойма қалтасы болады, жағасы, жеңі және екі өңірі ұзына бойы оқаланады немесе ою-

өрнектермен кестеленеді. Жауырынына да өрнек салынуы мүмкін. Оның тысы жұқа киіз, тайлақтың жүнінен тоқылған, ұзындығын тізеге дейін етіп, тысын мақпалмен тіккен. Бешпенттің белі қынамалы пішіледі де, екі өңірі бір-біріне аса көп айқаспай тұрады, үш-төрт түймемен түймеленеді. Бұйымның жеңі, ұзындығы әртүрлі етіліп тігіледі.

Осыған орай, тіккен матасына қарай бешпентті түрлеше атайды. Бешпент көйлек сыртынан киіледі. Ұзын бешпент – тізеден төмен түскен. Шолақ бешпент – тізеден жоғары. Қысқа бешпент – жеңі шынтақтан сәл-пәл төмен түскен. Шағи бешпент – белі қынамалы, жеңі шынтақтан жоғары, ұзындығы мықыннан сәл түсіп, бөксені жауып тұрады. Бешпент ұғымында әртүрлі матадан тігілетін, етегі тізеден сәл жоғары келген жейде, көйлектің сыртынан киетін, киіп жүруге жеңіл сырт киім деп түсінеміз. Оны кейде бешмет, бешпент деп те атайды. Бешпент те ежелгі киім үлгісіне жатады. Солдан оңға қарай қаусырып қапсырмамен түймеленетін қысқа бешпент сақтардың киім үлгісінде кездеседі. Ондай бешпенттің астарына бағалы аң терісі тігілген. Сақтар бешпенттің қысқа түрін, сол жақтан оңға қарай белдікпен бекітіп киген. Қарапайым сақтар денелеріне шақтап пішілген тізесіне дейін жететін бешпент киген. Ежелгі бешпенттің тысы тайлақтың жүнінен тоқылған, ал орта ғасырдан бастап тік жаға салып, ұзындығын тізеге жақын етіп, тысын түрлі матадан жүн салмай астарлап тіккен.

Сырттық киім ретінде тұтынылатындықтан өңірі, етек-жеңі әшекейленеді. Қыста киетін шұға, мауыты түрлері матадан тігіліп, тысы мен ішкілігі арасына жұқалап астарланып, араларына жүн, мақта салынып, сырылады. Салқын уақытта бешпенті сырттық киімнің ішінен киеді.



Ерлер бешпентінің қазіргі заманға сай жастар киімдері

Шапан – ерлердің ең көп тараған, аса қастерлі, сый-сияпат, кәделі сырт киімдерінің бірі. IX-XIV ғасырлардағы қыпшақтардың тас мүсіндерінен шапан бейнелерін кездестіруге болады. Шапанды әйелдер де, ерлер де киген. Шапандар жүн, жібек маталарынан және оның астары мен тысы арасына түйе немесе қой жүні салынып дайындалады. Орыс халқының дерекнамаларында шапандарды «кафтандар» деп атаған. Қазақтар арасынан ең әдемі шапандарды ақын, сал-серілер киетін болған. 1846 жылы шығыстанушы Услар Көкшетауда халық мерекесіне қатысқан бір топ ақын, әншілерді кездестірген. Оның айтуы бойынша «Олар өте сәнді киінген, шапандарының түстері – қызыл, ашық жасыл. Олардың шапандары және күдеріден тігілген кең шалбарлар жібекпен шұбарлана кестеленген, ұсақ өсімдіктер мен құстар бейнелерімен әшекейленген». Шапанның басты ерекшелігі жағасы, өңірі, жең ұштары ұлттық ою-өрнектермен және астарланып жасалынады. Ертеректе ерлер шапанының ілгегі болмаған, әйелдер қапсырма қадайды немесе сыртынан түрлі белбеулермен буынған. Шапанның етегінде, жеңінде жырымы болуы мүмкін. Бұйымның негізгі пішімі – ұзындығы тізеден сәл төмен болып, жеңінің ұзындығы саусақ ұшын жабуы керек. Қазақ шапандарының алдыңғы екі өңірі, артқы бойы, екі жеңі және жағасы ойылып пішіледі. Екі жақ етегіне мықынға жеткенше етегін кеңейту үшін екі үшкіл шабу қойылады. Бел жағы тарлау келеді. Шапан жеңінің екі беті бір-ақ қиылады. Жең түптері кең келеді де, оны жең түп, ойынды, қолтырмаш деп атайды. Шапандар жаға қондыру мәнеріне қарай тік жағалы, қайырма жағалы және мойынды айналдыра қаусыра келген орама жағалы деп аталады. Шапанның пішілуіне қарай сырмалы шапан, қаптал шапан, қималы шапан, кең қолтық ұзын жең шапан сияқты түрлері бар.

Қоғамның дамуына байланысты, қазір әшекейлену мәнеріне қарай шапандар ерекше дараланады. Еркектердің шапандары өте асыл құнды матадан орама жағалы етіп, кең, ұзын бүтіндей ен бойымен немесе жағасы, етегі, өңірі айналдыра кестеленеді. Кейде жиегіне әдемі болу үшін бағалы

аң терілерінен, бұлық (түрлі матамен көмкеру) немесе жұрын салынады.



Ерлер шапанының қазіргі заманға сай жастар киімдері

3.2 Әйелдердің ұлттық сырт киімдері

Әйелдерге арналған ұлттық киімдердің көптеген түрлері өзінің әсемдігімен, әрі ыңғайлығымен заман белестерінен асып, күні бүгінге дейін пайдаланудан қалмай келеді.

Ұлттық сырт киімдер ауа райының – үскірік аяздан, ұйытқыған жел сияқты құбылмалы өзгерістеріне лайықталып тігілген. Олар мықты да ыңғайлы, қарапайым да сәнді болып келеді. Қазақ даласына Ұлы Жібек жолы керуендері арқылы әкелінген пүліш, барқыт, дүрия, мауты, жібек, атлас, парша т.б. маталардан тігілген сәнді киімдер қазақ қыз-келіншектерінің сәніне сән, көркіне көрік қосқан. Әйелдердің сырт киімдерінің кейбір үлгілері ерлердің киімдеріне ұқсас келеді. Қамқа тон, шапан, күпі, камзол, бешпент қыз – келіншектерде бар.

Қамқа тон. Поляр түлкісінің пұшпағынан тігіліп, зерлі камқамен тысталған әйелдің сырт киімі. Иық тігісі қиғаш түскен, қондырма жеңді. Жеңін қиықтан құрап, ұзын бойынан екі жерден қусырған. Артқы бойынан үш бой матаның енімен алған, жақтау қусармалары, белінде танап тігілген қиық қатпарлары бар. Қайырма жағасы, етегі, өңірі және жеңі құндыз терісінен тігілген. Жұрынға жалғастыра жылтыр оқа бастырылған.



Бешпент – ерлердің бешпентіне ұқсас, пішімі тік, ұзын жеңді, кішкене жолақ жағасы өңірімен бірігіп тігіледі. Бешпент-

тің астары мен ойма қалтасы болады, жағасы, жеңі және екі өңірі ұзына бойы оқаланады немесе ою-өрнектермен кестеленеді. Бешпент тысы қызыл барқыттан, астары қызыл, сары, көк түсті жолақты сәттеннен тігілген әйелдің сырт киімі. Астары тысына жапсары тігілген. Пішімі трапеция пішінді, бөлінен сәл ғана танап тігілген. Алдыңғы және артқы бойы төрт бөліктен тұрады.



Етегінің екі жанынан үшкіл салынған. Ойма жағалы. Жеңі мата қиындыларынан құралған, үш жерден қусырып тігілген және таяз жең ойындысына қондырылған. Жағасын айналдыра екі, жеңінің аузын айналдыра бір қатар етіп зертаспа басқан. Алдыңғы және артқы бойы, жеңіне зер жіппен стильденген мүйіз және көгеріс өрнектер кестеленген.

Әйел жадағайы. Қара пүлішпен тысталып, жолақты матамен астарланған әйелдің сырт киімі. Қой жүнінен бидайы салынып, іс машинасымен жиі етіп сырылған. Пошымы кебенекше пішілген. Жеңі ұзын, сыптығыр, жіңішке орама жағалы. Жадағайдың өңірі мен етегінің ені 5,5 см келген шибарқыт жолағымен көмкерілген. Екі өңіріне үш-үштен шоқталған шашақ қадалған.




Күні. Қой жабағысы ақ матаға қабылып алынған соң, жасыл жібектен жасалынған тысқа бидайылап салып, ұзын бойынан қабаттап, сырып тігілген әйелдің сырт киімі. Пішімі трапеция пошымды, етек шалғайы кеңірек. Жағасы тік, жеңі қусырып, жеңі ұшына қарай сырып тігілген. Өңірі, жағасы және жең аузы қызыл күрең барқытпен көмкеріліп, оқамен жиектелген және сукузеннің терісімен жұрындалған. Етегінің екі шеткі бетіне қызыл түсті жібектен бұлық салынған.



Әйел ішік. Елтірі, қаракөл терісі және пұшпақ теріден құралып, қоңыр барқытпен тысталып тігілген әйелдің сырт киімі. Трапеция пошымды етіп пішілген, етегінің екі жанында

екі жарығы бар. Жағасы, өңірі, жең ұшы және етегі ақ түсті елтірімен жұрындалған. Етегінің ішкі жағынан қоңыр, қара пұшпақ тері тігінен құралып салынған. Екі өңірінің бастарына моншақ қадалған, түрлі түсті жіптерден жасалған, үш-үштен шоқшашақ қадалған. Шашақтың бауларының тұйығының оң жағына домалақ торсылдақ түйме тағылған, екінші ұшында түймелік тұйығы бар.



Түлкі ішік. Үлкенді-кішілі түлкі терісінен құрастырылып, қызыл барқытпен тысталған әйелдің қыстық сырт киімі. Белін қынамаланып, етегі кендеу пішілген. Қондырма жеңді. Құндыздан орама жаға салынған. Жағасы, өңірі, етегі және белін айналдыра қызыл сары түсті оқа бастырылған. Жеңінің аузы құндыз терісімен жұрындалған, екі металл түймемен оңға қарай түймеленеді.



Елтірі ішік. Бұйра ақ елтіріден, тысы қызыл күрең түсті масатыдан тігілген әйелдің қыстық сырт киімі. Пішімі трапеция, пошымына жақын, жаға салынбаған. Қондырма жеңді, иық тігісі қиғаш келген. Жағасына, жеңіне, өңіріне ақ елтірі қайырылып тігіліп, оған жалғастыра су күзенінің терісімен жұрындалып, сары түсті оқа қондырылған. Екі өңірдің алқым тұсына түрлі түсті жіптен шашақтаған, ұштары моншақталған қоқшашақ таққан. Шашақты таспаның оң жағындағысының тұйығына күміс теңге қадалған.



Пұшпақ ішік. Түлкі пұшпағынан құралып, жасыл паңбарқытпен тысталған әйелдің қыстық сырт киімі. Белі қынамалы,

етек шалғайы кең. Иық тігісі қиғаш, жеңі қондырма, қайырма жағалы. Өңірі мен етегін құндыз терісімен көмкеріп, оған жапсарлай зертаспа басқан. Бел тұсын айналдыра зертаспа жүргізген, ішіне матадан сырған белбеу тағып, оның екі ұшын шашақпен әшекейлеген. Өңіріне ақық көз орнатқан 4 дана металл түйме таққан: өңіріне дөңгелек үлкен, жағасына кішілеу сопақша түйме қадаған. Сол жаққа қарай ілгекпен қаусырынылады.



Қаракөл ішік. Жасыл масатымен тысталып қаракөл терісінен тігілген әйелдің қыстық сырт киімі. Трапеция пошымды етіп пішілген, етегінің артында екі тілігі бар. Ойма жағалы, өңірі мен жағасы ондатра терісімен жұрындалған, қызыл сары оқа бастырылған. Оңға қарай қаусырынылады. Қапсырма міндетін алқымға қадаған ақықтан көз салынған доғал бесбұрыш пен ала таспа баудың тұйығы атқарады. Мұндағы бау иіріп ширатқан түрлі түсті (күлгін, қызыл, көк, жасыл) жібек жіптен төгілген, ұштарына ақ түсті маржан таққан бау.



Мамық ішік. Аққу мамығынан жасалынған, ақ сары барқытпен тысталған әйелдің сырт киімі. Белі қынамаланған, етек шалғайы кең. Иық тігісі қиғаш, жеңі қондырма. Жеңі іш жағынан мақтамен сырылған. Орама жағалы. Белін артқы бойынан қынап тігілген. Өңірі, етегі, жеңі аққу мамығымен жұрындалып, оқа бастырылған.



Шолақ тон. Қоңыр сары түске боялған кой терісінен (ішкі жүн жағы қара, ақ) жасалған әйелдің қыстық сырт киімі. Пішімі трапеция пошымды, етек шалғайы кеңдеу. Кең, қондырма жеңді.

Артының бел тұсында қималаған белбеуі бар. Етек, жеңіне және жағасына қара теріден жұрын салынған. Қайырма қиық жағалы. Солға қаусырынады, үш дана қайыс түймебау және қайыстан түйілген түймесі бар. Бүйірінде екі қиғаш, ойма қалта салып, аузын жұрындаған.



Қамзол - қазақ халқының ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық киімдердің ішінде қамзолдың орны ерекше. Қамзол - XVIII-XIX ғасырларда қазақ халқы арасында кең тараған ұлттық киім. Ол тек қазақта ғана емес, басқа да түрік елдерінің киім үлгілерінде кезеседі. Әйелдер киімінде қамзолдың орны ерекше, ол әрі жылулық, әрі сәндік міндеттерді атқарады. Қамзолдар астарлы, жеңсіз, жеңіл жаздық болып келеді. Етектерімен жағалары тас, оқа, күміс тиындарымен әшекейленген, бойтұмар қадап, әртүрлі оюлармен әшекейленеді.

Қамзолдарды: бозбалаларға, бойжеткендерге, келіншектерге, әйелдерге, ерлерге деп жіктейді. Қыз –келіншектер қамзолмен бірге қиетін тақия, етіктерінің өңірлерінің бірінғай етіп таңдаған. Алқалар, кемербелдіктер де қамзолдармен тамаша жарасым тапқан. Әйелдердің қамзолының ұзындығы тізеге түсетіндей, жағасы жоқ, алдыңғы жағы омырауға дейін ойық болып, көйлектің сыртынан киілгендіктен, әсіресе тұйық жағалы көйлекке үйлесім беріп тұрады. Пішіміне қарай қазақы қамзол,

қынай бел қамзол, тірсек қамзол, көкірекше қамзол деп түрліше аталады.

Қамзолдардың белдері қынамалы, жеңі шынтақтан ғана келетін шолақ, бүрмелі қатарма түсіріп тігіледі, ұзындығы етіктің сірі өкшесіне ілінердей ұзын үлгілері де болады. Белдің тарылып тігілуі жастардың дене бітімін көркемдей түскен, «талшыбықтай» немесе «құмырсқа бел» теңеулері осындай көрікті көріністен кейін айтылса керек. Қамзолдарға жең салынатын болса «жеңді қамзол» ал жеңсіз болса, төс қамзол немесе шолақ жең қамзол деп бөлінген. Қамзолдың қысқа жеңдісі, йықтан сәл түскен жеңдісі немесе жеңсізі болады. Олар қозғалысқа өте ыңғайлы, әйелдердің күні бойы үй шаруасымен айналысатынын ескерсек, бұл қамзолдар иесін суықтан қорғайды, оның үстіне оның иіліп бүгіліп жұмыс істеуіне өте ыңғайлы келеді. Қамзолдың жүн тартылып, аң терісінен қос астарланып тігілетін түрлері де болады.

Шашақты қамзол - жасыл жібектен тігілген қыз қамзолы. Астары жасыл мақта матадан тігілген. Жағасы жоқ, қынама бел, артқы және алдыңғы бойында бүкпелері бар. Етегі алтын түсті оқамен шашақталған.





Әйелдер қамзолының қазіргі заманға сай сәнді киімдері

Көйлектер – келіншектер мен қыздарға арналған жеңіл киімдерінің бір түрі. XIX ғасырдың аяғында біртіндеп ескіні ығыстырып шығатын жаңа пішімді көйлектер пайда болды.

Көйлектердің түрпішіні, сұлбасы, түстік композициялық шешімдері олардың жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі жобаланады. Қыз киімдерінің кеуделері тар, қынамалы, жаға – жеңі, кеудесі, өңірлері кестелі, көркемдік әшекейлермен әрленеді.

Келіншектер кең, жартылай қынамалы, көйлектері кең етекті, әшекейлері қарапайым әрленген. Жалпы әйелдер көйлектері бүрмелі, тік етек, қос етек, көп қатарлы желбірлер, шеңбер пішінді деп бірнеше түрге бөлген. Желке тұсынан немесе алды жағынан түймеленетін тік жағалы көйлектер тігілген. Көйлектер тігілген матасының түріне, мақсатына байланысты күнделікті, мерекелік жиын-тойға арналған болып бөлінген.

Мысалы: сәнді көйлектер ертеректе қызыл жібектен белі қынамалы етіп тіккен. Қызыл атластан астар қабатталып салған. Өңірі тұтас, артқы бойы екі бөліктен – жауырынтақ пен белдемшеден тұрады. Белдемше бөлігі 4 бой матадан құралған және ол кеуделікке бүрмелей қондырылған. Жеңі қондырмалы және ол қусырып тігіліп, жең ойындысына қондырылған. Жағасы тік, онда бір ғана қызғылт түйме қадалған. Көйлектің алдыңғы бойына ұз. 106 см, ені 23 см күрең қызыл түсті паңбарқытқа кестелеген өңір салған. Өңірге күміс кестелі жіптермен қошқармүйіз және көгеріс өрнектер аралас кестеленген. Оның арасына металл қадама түйіршіктер қадалған, екі жиегіне зертаспа басылған. Мойыны мен етегіне шашақ төгілген. Ісмерден 1938 ж. алынған. КП 3696.

XX ғасырдың басында әйелдердің көйлек пішімінде жаңа өзгерістер пайда болды. Олардың белдемшесі төрт киықты, трапеция, толық, жарты шеңберлі пішінді және қаттама, бүкпелер, қатармалар секілді өзгерістер енді. Олар қымбат маталардан тігіле бастады. Атап айтсақ, органзы, креп-сәтен, шифоннан, атлас, түрлі түсті жібек маталарынан тігіліп, моншақтар, страздар, шыны моншақтар, ызбалармен, алтын-күмісті көркемдік кестелермен безендіріледі.



Қыздар көйлектерінің қазіргі заманға сай сәнді киімі

Шапан - Күнделікті киіске арналған киімдер қарапайым, ыңғайлы етіп тігілсе, сән-салтанат, жиын-тойларға арналған түрлері одан күрделірек, ерекше сәнді етіп, нәзік талғаммен інжу-маржан, меруерт, ақық, шыны моншақтармен әшекейленіп, жібек, алтын, күміс жіптермен кестеленіп тігілген.

Шапан тысы қара пүліштен, астары түрлі түсті матадан тігілген әйелдің сырт киімі. Пішімі трапеция пошымды. Бидайына түйе жүні салынып, сырылып тігілген. Жағасы оқа жүргізген қызыл пүліштен мойынына жапсырыла тігілген. Жағының жиегіне қызыл түсті ұсақ моншақтар екі қатар етіп салынған. Ұзын, қондырма жеңді. Екі өңірінің біріктірілген тұсына түрлі ширатқан жіптерден жасалған байлайтын шашақ бау тағылған. Жағасын, өңірін, етегін, жеңінің аузын айналдыра ені 5-7 см бірнеше қатар тіндеп тігілген бұлық салынған. Жеңінің түбінен және ұшына қарай әшекей үшін зертаспа жүргізген қызыл түсті пүліш жапсырылып тігілген.





Әйелдер шапанының қазіргі заманға сай сәнді киімдері

Ұлттық нақыштағы жамылғы - қазіргі заман талабына сай әйелдерге арналған киім үлгісі. Жамылғы көктем немесе күзгі маусымда киюге арналған. Осы киім үлгілерінің ерекшеліктері қазақтың ұлттық нақышындағы ою-өрнектердің сан алуан түрлерін қолдануы. Жамылғы пішімі алдыңғы бойдың ортасындағы тілігі бар күн шеңберлі болады. Мойын ойындысы фигуралы немесе «V» тәрізді ойылып және дөңгелене тіктеме жаға немесе жағасыз болуы мүмкін. Жамылғының түймелігі жасырын ілмекпен немесе түймемен бел тұсына орналасады. Алдыңғы бойына сән бағытына қарай жапырақшалы, жапсырма, тілме, тігіске түскен қалталарды тігуге болады. Әйелдерге арналған жамылғының артқы бөлігіне симметриялы және алдыңғы бөлігінің жеңі мен етегіне өсімдік тектес және зооморфтық ою-өрнектермен кестеленеді. Жамылғы астарлы маталардан тігіледі.

Заманның талабына байланысты тігілген бұл жамылғылар нәзіктілігімен, сәнділігімен, ерекше формадағы пішімімен өте ыңғайлы. Осы жамылғыларда көлемділік айқын көрінген құрылымды бедерлі және дөңес өрнек, нақышты, әр-түрлі текстуралы маталардан немесе иірілімсіз букле сияқты иірімжіптен тоқылған маталардан тігуге болады. Мысалы ретінде сәнді маталарға жаккард, репс, рогожка, букле, барқыт, шұға, твилді жатқызуға болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Сырт киімнің көне түрлерін тігуде пайдаланған терілер.
2. Ерлердің ұлттық сырт киімдерін атаңыз.
3. Қазақтың әйелдеріне арналған сырт киімдер.
4. Қазақ халқының бас киімдері.
5. Ұлттық киімдерді тігуге пайдаланған маталар.
6. Ұлттық киімдеріндегі көркемдік әшекейлер.
7. Қазақтың әйелдеріне арналған ішіктер.
8. Ұлттық киім- кешектегі көркемдік әшекейлер.
9. Ерлердің шапаны туралы мәлімет.
10. Көнеден жеткен сеңсең тон қандай теріден тігілген.




Әйелдердің ұлттық нақыштағы жамылғы түрлері

4-ТАРАУ. ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ КИІМДЕРІН ҮЛГІЛЕУ

4.1 Әйелдер қамзолының конструкциясы

Мәдениет пен өнердің дамуына байланысты қазіргі заман талабына сай сән үлгісі өзгерді, соған сәйкес әйелдерге арналған киімдердің түрлі-түрлі үлгілері жарыққа шықты. Әйелдердің ұлттық нақыштағы киімдерінің сұлбасы, түрпішімі, түстік шешімі олардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады.


Әйелдердің қамзол көкірекшелері тар, кең көлемді, қынамалы, жартылай трапециялы болады. Жағалары, кеуделері алтын, күміс жіптермен, стразбен, моншақтармен әшекейленіп, кестелеудің кез келген техникасы арқылы ою-өрнекпен безендіріледі.



Қамзолдың қолтық ойындысы онша терең болмайды. Өйткені жең түбі тұсына еркін қонымдылық тудыруы керек. Мойын ойындысы фигуралы немесе «V» тәріздес болуы мүмкін. Қамзолдың түймелігі жасырын ілмекпен немесе ұлттық «қапсырмамен» бел тұсына орналасады. Бұйымның ұзындығы модельге және жас мөлшеріне байланысты болады.

Қамзолдарды тігуге барқыт, парша, шұға және мақта т.б негізінен тұратын маталарды қолданады.

Ұлттық киімдердің жас ерекшеліктеріне қарай бөлінуі



Қамзолдың базалық конструкциясын құрастыру үшін тұлғаның өлшемдері мен қосымшалар қажет

1-кесте

Өлшем атауы	Өлшем белгінің шартты белгісі	Өлшемі, см	Өлшемді қалай алу керек
Кеуденің жартылай оралымы	Ок	48,0	Жауырынның шығыңқы жерлерімен қолтық ойындылары арқылы өтіп, кеудені айнала өлшенеді
Белдің жартылай оралымы	Об	8,0	Тұлғаның белін айнала өлшенеді
Мықынның жартылай оралымы	Омқ	51,0	Бөксенің шығыңқы жерлері арқылы, мықын айнала өлшенеді
Артқы бойдың белге дейінгі ұзындығы	Ұар.б.б	38,0	Дененің артқы бойының белінен, жетінші омыртқа нүктесіне дейінгі ұзындық
Бұйым ұзындығы	Ұбұй	57,0	Мойыннан омырау ұшы арқылы өтіп, қалаған деңгейге дейін өлшенеді
Иық ені	Еи	12,9	Мойыннан иыққа дейін өлшенеді
Мықын биіктігі	Бмық	16,0-20,0	Таспа бел сызығынан мықынның ең шығыңқы нүктесіне дейін өлшенеді

Кендік қосымшалар түрлері

2-кесте

Бұйым түрлері	Силуэтке байланысты қосымша мөлшер, см								
	Қатты қынамалы			Жартылай қынамалы			түзу		Тра п е ция
	Қк	Қб	Қмк	Қк	Қб	Қмк	Қк	Қмк	Қк
Көйлек	5-6	2-4	1-5	6-7	4 -6	3-5	7-9	0	9-11
Жилет қамзол	3-4	1-2	1/5-2	5-6	2-3	2,5-3	0	0	0

Қамзолдың базистік торын құру үшін тұлғаның өлшемдері мен қосымшалары және есептеулері қажет. Қосымшалар киімнің жобаланатын пішімін құрудың анықтылығына, еркін қысымдылығына байланысты болады. Олар жалпы қолдануға бұйымның барлық еніне және жеке қолдану бөліктерге (бөлшектерге) арналады. Бұйымның жалпы қолдануға арналған қосымшалар:

1. Кеуде деңгейіндегі қосымша (Қк)
2. Бел деңгейіндегі қосымша (Қб)
3. Мықын деңгейіндегі қосымша (Қмық)

Еркін қысымдылыққа берілетін қосымшалар техникалық (қимылды еркін демалудың қамтамасыз етуші, жылу алмастыруды реттеуге арналған) және декоративті-конструктивтік (сән-деуге берілетін) болып бөлінеді. Қосымшалар тұлға өлшемімен қатар бұйым конструкциясында қолданылатын сан болып табылады.









Егер киініп тұрған адамға қарасақ иықтық бұйымдарда, белдік бұйымдарда денеге жабысып тұрмайды. Сондағы тұлға мен бұйым өлшемінің айырмашылығы қосымша болып табылады. Қосымша «Қ» - деген әріппен белгіленеді. Қосымшалар бұйымның кендігіне арналады. Сонымен қатар технологиялық өңдеу қосымшасы болады. Модельге байланысты декоративтік, конструктивтік қосымшаларда қолданылады. Қосымшалар әрбір бұйымның қалыңдығына байланысты беріледі.


Қамзолдың базистік торы артқы және алдыңғы бойдан тұрады. Ал екеуінің арасында жан сызығы орналасқан. Базистік тор мойын сызығынан, кеуде сызығынан, бел сызығынан, мықын сызығынан және етек сызығынан құралған.

**Әйелдерге (164-96-100) арналған қамзолдың
конструкциялық сызбасын құруға арналған есептеулер**

3-кесте

Шартты белгі	Сызба нүктелері, кесінділері	Есептеу формуласы	Мөлшері, см
Торды құру			
Ао а ₁	Бұйым ені	Ск+4=48+4	→ 52,0
АоК К → К ₂	Кеуде ені	Ск/3+3=48/3+3	↓ 19,0
АоБ Б → Б ₂	Артқы бойдың белге дейінгі ұзындығы		↓ 38,0
БМ М → М ₂	Белден мықынға дейінгі арақашықтық	тұрақты шама	↓ 16,0
АоЕ	Бұйым ұзындығы	Ұбұй	↓ 57,0
КК ₁	Жауырын ені	Ск/3+2,5= 48/3+2,5	→ 18,5
К ₁			
К ₁ К ₂ К ₂ ↑ К ₂	Қолтық ойындысының ені	Ск/4= 48/4	→ 12,0
К ₂ И ₁ ↑ И ₂	Қолтық ойындысының шығыңқы сызығы	Ск/8=48/8	↑ 6,0
К ₄	Қолтық ойындысын реттеу	К ₁ К ₂ \ 2 =12/2	→ 6,0
К ₄	Бүйір жан сызығын табу (пунктир сызығын жүргізу)	Б ₂ , М ₂ , Е ₂	↓
Артқы бойдың сызбасын құру			
Ао А ₁	Мойын ойындысының ені	Ск/8=48/8	→ 6,0
А ₁ А ₂	Мойын ойындысының тереңдігі	Барлық размерлер үшін	↑ 1,5
Артқы бойдың мойын ойындысын ирек сызық арқылы А₂ А₀ нүктелерін қосу			
аИ ₂	Иық сызығын төмендету		↓ 3,0
А ₂ И	Иық сызығы	А ₂ И ₂ +1,5	↘
И ₂ И ₃	Қолтық ойындысын сызу (көмекші нүкте)	И ₂ К ₁ \ 2	↓
И ₃			→ 0,5
К ₄ К ₄ ¹	Қолтық ойындысының тереңдігі		↓ 4,0-6,0
К ₁ 1	Қолтық ойындысын реттеу (көмекші нүкте)		→ 1,0-2,0
Артқы бойдың қолтық ойындысына сызығын И; 0,5; 1; К₄¹ нүктелерін ойық сызықпен қосу			
Б ₂ Б ₁	Жан тігісіндегі бел бүкпелерін реттеу		← 3,0
Б ₃ К ₄ ¹			↘
М ₂ М ₅	Жан тігісіндегі мықын бүкпелерін реттеу	Смык-Ск	
Е М ₅	Етек сызығы	Дөңес сызық арқылы жан тігісінің шетімен қосылады	
Алдыңғы бойдың сызбасын құру			
аГ	Мойын ойындысының ені	Ск/3+2=48/3+2	→ 18,0
Г Г ₁	Мойын ойындысының биіктігі	Дене құрылысына байланысты	↑ 2,0-5,0
а И ₄	Алдыңғы бойдың иығын төмендету	Ск/8+1= 48/8+1	↓ 7,0
И ₄ Г ₁	Көлбеу сызығын жалғастырамыз		↘

Г ₁ И ₅	Алдыңғы бойдың иық сызығы	А ₂ И-2,0		0,5
И ₁ К ₄	Қосымша нүкте табу			1,0-2,0
И ₅ И ₆				1,0
Алдыңғы бойдың қолтық ойындысын И ₆ ; 0,5; 1; К ₁ нүктелерін ойық сызықпен қосу				
Б ₂ Б ₄	Жан тігісіндегі бел бүкпелерін реттеу			3,0
М ₂	Жан тігісіндегі мықын бүкпелерін реттеу	Смық-Ск		
а ₁ А ₃	Жаға ойындысының ені	Ск/8+1=Ск/8+1		7,0
А ₃ А ₄	Жаға ойындысының биіктігі	Г Г ₁ +0,5=2,0+0,5		2,5
К ₃ К ₅	Жаға ойындысының тереңдігі			3,0
Ескерту. Қамзолдың омырауын әр түрлі етіп оюға болады.				
К ₂ К ₆	Кеуде сызығы бойынша	Барлық размерлер үшін		2,0
К ₇ К ₃	Кеуденің көтеріңкі нүктесі	К ₆ К ₃ /2		
Г ₁ нүктесінен солға қарай иықтың бойына иық ұзындығының үштен бір бөлігі (13:3=4,3) салынады. Жаға ойындысы биіктігінің нүктесінен солға қарай түзудің бойына дәл осындай қашықтық (4,3см) өлшеп алынады. Табылған нүктелер түзу сызықтар арқылы кеуденің көтеріңкі нүктесімен қосылады. Бүкпе осылай сызылады.				



Әйелдерге арналған қамзолдың конструкциялық сызбасы

4.2 Ұлттық нақыштағы әйелдердің жеңіл киімдерін пішу және тігу технологиясы

Бұйымды пішу үшін алдымен конструкция бөлшектерінен көйлектің және қамзолдың үлгілері (лекало) жасалады. Киімді тігуге өте мұқият қарау керек. Конструкциялық сызбаны тағы бір рет зер салып қарап, барлық сызықтары тексеріледі. Қажет болса сызба конструкциясына өзгерістер енгізуге болады. Сыртқы контур сызықтарының бойымен дәл етіп қағаздан үлгі қиып алу керек. Қиық сызықтары бойынша жинақтау кертпелерінің орналасу орны белгіленеді. Көйлек кеудесінің және қамзолдың бүйір тігістерінің арасын иреkteп қиып, алдыңғы боймен артқы бойды жеке-жеке бөліп алу керек. Бұйымның барлық бөліктерін пішу кезінде матаның бетіндегі түгін, суретін, негізгі жіптің ұзындық бағытын немесе бөліктердің ұзындық бағытынан тыс ауытқуларын, мүмкіндігінше қосымшаларын ескеру қажет. Бұйым бөлшектерін түгі бар маталарда немесе әр түрлі рең беретін кезде бір бағытта пішеді. Матаны пішер алдында жақсылап үтеkteп алған жөн.

Пішудің алдында матаны ұзындығы бойынша, өңін ішіне қаратып, тең етіп бүктейді де, арқау жібін негізгі жіпке перпендикуляр болып түсуін қадағалап, екі шетін беттестіреді. Үлгілерді (лекало) матаға, мата ең аз кететіндей етіп, үнемдеп орналастыру қажет.

Көйлек кеудесі мен қамзолдың артқы бойларының орта сызығы негізгі жіптің бойымен бағытталуы тиіс. Сондықтан артқы бойдың орта сызығы матаның бүктелген қырына салынады. Бұйымның алдыңғы бойы бойлық жібінің бағыты түмеліктің шетімен немесе матаның бүктелген қырына келтіріп салады.

Жеңде бой жіпке шынтак иілісі сызығының бойымен салынады. Жеңнің үлгісін жазылған күйінде пішеді. Көйлектің етегінде негізгі жіп, етектің алдыңғы және артқы жартысының орта сызықтары бойымен өтеді. Барлық үлгілерді матаның үстіне орналастырғаннан кейін, контур сызықтары мен бақылау сызықтарының – кеуде, бел және алдыңғы бойдың орта сызығының бойымен айнала бормен сызады. Матаның тігісіне және

бүгуіне кететін мөлшерін ескеріп, қосымша сол жерлерді бормен белгілеп қою керек.

Одан кейін үлгінің әрбір бөлшектерін барлық контур сызықтары бойымен ілмектеп көктеп шығады. Бұл сызықтарды бір бетінен екінші бетіне көшіру үшін қолданылады.

Бұйымды кигізіп өлшеуге дайындайды. Ең алдымен көйлектің бүкпелерін алдын ала түйреуішпен бекітіп, содан соң көктейді. Бүкпелердің ұшын сүйірлеп тепшиді. Бұдан соң иық және жан тігістері көктеледі. Егер көйлек артынан түймеленетін болса, онда артқы бойдың ортасын (бас еркін сиятындай етіп) қию керек. Ал егер алдынан түймеленетін болса, онда алдыңғы бойдың ортасынан қию қажет. Оң жеңді қусырып, қолтық ойындысына қондырып көктейді. Сосын етектің екі жанын көктеп, белін бүріп, кеудеге қосып көктейді. Кейін көйлек өңдеудің технологиялық бірізділігі бойынша тігіледі.

Қамзолды тігу үшін негізгі, астарлық, желімді матадан қажетті бөлшектерді пішіп алу қажет. Қамзолдың белін мықын тұсынан қынау керек, сол үшін үлгідегі бүкпелердің дұрыс есептелуіне көңіл бөлген жөн. Бүкпелердің ұшын сүйірлеп тепшиді. Қамзолдың иық және жан тігістері көктеледі.

Кигізіп өлшегенде байқалған барлық кемшіліктерді түзеткеннен кейін, тігуге кірісу керек.

Қамзолды тігудің технологиялық бірізділігі бұйымның конструкциясына, үлгісіне байланысты болады. Ең алдымен өңірін, өңір түймелігін, мойын ойындысының әдібін желімді қатырма бөлшектермен желімдейді. Өңірдің оң жақтарына үлгі бойынша ою-өрнектің суретін салып, кестелеп әсемдейді.

Артқы бойдың бүкпелерін сырып тігіп, жатқыза үтіктейді және орта тігісін сырып тігіп, айыра үтіктейді. Алдыңғы бойдың бедерлік тігістерін сырып тігу, қиықтарын торлау. Алдыңғы бойдың әдіптерін өңірастыларымен сырып тігіп, тігістерін айыра үтіктейді. Мойын ойындысының тігісіне 0,1-0,2 см жеткізбей екі-үш жерден қиып кеседі. Бөлшектерді оң жағына қарай айналдырады, тігісті өңір түймелік жағына қарай жатқыза отырып, өңір түймелігі мен әдібі жағынан, тігісін 0,1-0,2см аралықта бастыра тігеді.

Астардың да бүкпелерін, бедерлік тігістерін, орта тігістерін сырып тігу. Жан тігістерінің бір жағына тесік қалдырып бүйір тігістерін сырып тігеді.

Алдыңғы бой, артқы бойды, астарлықты біріктіру. Иық, жан тігістерін сырып, айыра үтіктеу. Алдыңғы, артқы бойдың қолтық ойыңдысы, өңірлері және етегі бойынша астармен жөрмеу. Бүйір тігісі бойынша астарды бекіту. Етегі бойынша бұрым жиектікпен жиектеу. Жасырын ілмек немесе қапсырманы қадау.

Бұйымға соңғы ылғалды-жылулық өңдеу жұмыстары орындалады.

Соңында бұйымның сапасы тексеріледі.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ ПӘНІНЕН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Көшпелілердің тіршілікқамы жүйесін қалай түсінесің:

- A. Құрылымдық табиғатымен;
- B. Құрылымдық және функционалдық табиғатымен;
- C. Функционалдық табиғатымен;
- D. Тұтыныс қатынастарымен;
- E. Ұлттық киімімен.

2. Киім дегеніміз:

- A. Күнделікті киілетін киімдер жиынтығы;
- B. Адам денсаулығын сақтауға бағытталған ауа мен ылғалдан, жылдан сақтау;
- C. Тіршіліктен, жануарлардан қорғанатын киімдер жиынтығы;
- D. Киімдер әлеуметтік қатынастар жүйесінің «құралдық» элементтер жиынтығы;
- E. Адамдарды қоршаған ортаның, климаттың және ауа райының жағымсыз шарттарынан қорғайды.

3. Қазақтың қолөнер түрлері:

- A. Ағаш-сүйек ұқсату, ер-тұман әбзелдерін өңдеу;
- B. Мал, егін, балық, тері шаруашылығы;
- C. Зергерлік, тоқыма, кілем, киіз басу өнерлері, ер-тұман әбзелдерін өңдеу, халық музыкалық аспаптарын дайындау;
- D. Тоқыма, ши, гобилен түрлері;
- E. Ұлттық киімдері түрлері.

4. Жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық киімдерінің бөлінуі:

- A. Жас нәресте, бозбала, қалыңдық, әйелдер, ерлер;
- B. Жігіт, боз балалар, қалыңдық, күйеу, ақсақал киімдері;
- C. Жастарға, егде жастағы адамдарға;
- D. Сәби, бозбала, бойжеткен, қалыңдық, келіншек, бәйбіше, күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері;
- E. Бойжеткен, қалыңдық, келіншек, бәйбіше, қарттар киімдері.

5. Әлеуметтік дәрежесіне, кәсіби салаға байланысты киімдердің бөлінуі:

- A. Бай, би, сұлтан, бақсы, сал-сері, малшы, аңшы, балуан, батырлар киімдері;
- B. Жоғары текті байлардың киімдері;
- C. Кожа-молдалар, бақсы-балгерлер, кедейлер, мерекелік киімдер;
- D. Аңшы-саяхатшылар, батырлар, дәулетті қазақтар киімдері;
- E. Тенгризм, шаманизм, суфизм, ислам өнерлері.

6. Ерлердің ұлттық сырт киімдер түрлері:

- A. Кебенек, жағадай, күпі, тон;
- B. Қамқа, сеңсең, қасқыр шолақ, кеудеше тондар;
- C. Шекпен, бешпент, күпі, тон, шапан, дақы, ішік, шидем;
- D. Дақы, қасқыр ішік, пұшақ, қамқа тон;
- E. Қырмызы тон, шапан, бешпент, қамзол.

7. Қазақтың дәстүрлі ерлер бас киімдері:

- A. Мұрақ, қалпақ, бөрік тымақ, малақай, құлақшын, жалбағай, тақия, күләпара;
- B. Елтірі, төрт төбелі, қайырма, дөңгелек, жантай бөріктер;
- C. Айырқалпақ, ақ қалпақ, бөрік, малақай;
- D. Тақия, тымақ, құлақшын, қарқара, қасаба;
- E. Башлық, далбай, жалбағай, кимешек.

8. Ұлттық киімдердің адамның дене мүшелеріне сәйкес жіктелуі:

- A. Ішкіім, сырт киім, көйлектер, баскиім;
- B. Сәби, бойжеткен, қалыңдық, бәйбіше, күйеу киімдері;
- C. Баскиім, иықтық киім, белдік киім, аяқкиім;
- D. Иықтық киім, тондар, аяқкиімдер;
- E. Аңшы-саяхатшылар, батырлар, дәулетті қазақтар киімдері.

9. Әйелдердің ұлттық бас киімдері:

- A. Қыздар тақиясы, бөрік, орамал, мұрақ, құлақшын;
- B. Сәукеле, бөрік, орама-кимешек, жаулық, күндік, желек, шәлі, қасаба, тақия, шылауыш, жаулық;
- C. Кимешек, малақай, шылауыш, қалпақ;

- Д. Қалпақ, бөрік тымақ, малақай, құлақшын, жалбағай, тақия;
- Е. Орамал, қасаба, жаулық, кимешек.

10. Жыл мезгілдеріне қатысты киімдер:

- А. Қыстық, маусым аралық және жаздық киімдер;
- В. Қыс және жаз киімдері;
- С. Маусымдық киімдер;
- Д. Көктемдік, күздік, жаздық киімдер;
- Е. Қыстық, күздік және жаздық киімдер.

11. Этносты жүйе дегеніміз:

- А. Тіршіліккамы жүйесінің элементтері;
- В. Көшпелілердің киім-кешегі;
- С. Эстетикалық, магиялық, этнографиялық қызметі;
- Д. Көшпелілердің тіршіліккамы жүйесіне кіретін элементтердің өзара біріккен функционалдық жүйесі;
- Е. Киімдердің рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою-өрнек элементтері.

12. Қай ғасырда қолөнердің дамуы кеңінен өркендеді:

- А. III-II ғ.ғ.;
- В. VI-XII ғ.ғ.;
- С. IX-X ғ.ғ.;
- Д. VII-VIII ғ.ғ.;
- Е. б.з.д. V ғ.

13. Төбесі шошак, ақ киізден немесе күзем жүнінен тігілген ерлер бас киімін ата:

- А. Құлақшын;
- В. Күләпара;
- С. Дулыға;
- Д. Сәукеле;
- Е. Айырқалпақ.

14. Көне замандағы алғашқы киімдер:

- А. Ағаш жапырақтарынан, аң терілерінен жасалған киімдер;
- В. Ағаш бұтақтары мен шөп-шалам, қамыстан жасаған;
- С. Кебенекше ойып пішілген киімдер;

- Д. Өсімдік бояуларын - жоса, кармин, құрымды пайдаланған;
- Е. Маталардан тігілген киімдер.

15. Дәстүрлі ортада қасабаны кімдер киген:

- А. Дәулетті адамдардың келіншектері;
- В. Төрелер мен сұлтандардың қыздары;
- С. Байлар мен билердің қыздары;
- Д. Кедей-шаруалардың қыздары;
- Е. Төрелер мен сұлтандардың бәйбішелері.

16. Ерлер тақиясының түрлерін ата:

- А. Пішіміне қарай шошақ төбе, тікше;
- В. Дөңгелек, жеңіл, кестелеп тігілген;
- С. Киізден тігілген түрі;
- Д. Цилиндр пішінді, төбелеріне жіп таққан шашақты;
- Е. Зерлі, үкілі, оқалы, сырма.

17. Қыз ұзатылғанда киетін дәстүрлі бас киім:

- А. Қасаба;
- В. Орамал;
- С. Сәукеле;
- Д. Кимешек;
- Е. Күндік.

18. Неолит дәуірінде дамыған киім түрлері:

- А. Жеңіл киімдер;
- В. Аң терілерінен жасалған киімдер;
- С. Иықтық киім, белдік киім;
- Д. Иықтан, мықыннан киілетін киім түрлері;
- Е. Ішкіімдер.

19. Қазақтың әйелдеріне арналған ішіктер:

- А. Елтірі, пұшпақ, түлкі, мамық ішіктер;
- В. Шапан, көкірекше, кәзекей;
- С. Қамқа тон, елтірі ішіктер;
- Д. Пұшпақ, түлкі ішіктер;
- Е. Дақы, жақы, тұлып.

20. Ұлттық киім-кешектегі көркемдік әшекейлердің түрлері:

- А. Аяққа тағылатын әшекейлер;
- В. Сырға, жүзік, белдік, шашбаулықтар, алқа мен шолпылар;
- С. Иыққа, белге, қолға, мойынға тағылатын әшекейлер;
- Д. Шашбаулықтар, алқа мен шолпылар;
- Е. Сырға, жүзік, белдіктер.

21. Киімдердің сұлбасына қарай бөлінуі:

- А. Етегінен тарылған, қынамалы;
- В. Мойын ойындысы фигуралы немесе «V» тәріздес;
- С. Жартылай қынамалы, трапеция;
- Д. Етек жағынан кеңейтілген;
- Е. Тік, жартылай қынамалы, қынамалы трапеция;

22. Киімге қойылатын талаптар:

- А. Қызметтік, гигиеналық, эстетикалық, талаптар ;
- В. Эксплуатациялық, эргономикалық, экономикалық талаптар;
- С. Гигиеналық, эстетикалық, эксплуатациялық, эргономикалық, экономикалық талаптар;
- Д. Ұлттық нақыш;
- Е. Тұрмыстық, арнайы, әшекей, спорттық, күнделікті.

23. Қазақ ұлттық ою-өрнектің мағынасы:

- А. Әртүрлі оюды, бедерді, бейнені, күйдіру;
- В. Кестелеу, жапсырмалау;
- С. Ою – өрнек мәдениетінің дамуы;
- Д. Бір нәрсені ойып, кесіп, қиып алып заттың бетіне ойып бедер түсіру;
- Е. Екі затты оя кесіп қиюластырып, біріктіре жасау;

24. Киім пішуде қолданылатын қазақы өлшемдер:

- А. Кішкене қол өлшемдері - қарыс, сүйем;
- В. Құлаш, шынтақ;
- С. Бас, орта, кіші тұтам;
- Д. Адым;
- Е. Сантиметрлік таспа.

25. Қазақ халқының қолданған тігіс түрлері:

- A. Тұмаршалап тігу батырып тігу, шанша тігу;
- B. Айқас бүгіс, бүрме, көктеу, тепшу, қабу, қаю, жөрмеу, ызу, сыру, торлап тігу, , бедерлеп тігу, , есіп тігу, «тышқан із», жапсыра тігу, «таңдай» тігіс, түктеп тігу;
- C. Шарбақтау, «бұзау тіс» тігіс;
- D. Айнала көктеп тігу;
- E. Қарапайым түзу тігіс.

26. Дақы қандай киім:

- A. Қара пүлішпен тысталып, жолақты матамен астарланған сырт киімі;
- B. Ішін түлкі пұшпағынан құрап, тысын қара көк шұғадан салынған сырт киім;
- C. Жүн, жібек маталарынан және оның астары мен тысы арасына түйе немесе қой жүні салынып дайындалады;
- D. Жасыл барқыттан, астары ашық қоңыр түсті сәтеннен тігілген сырт киім;
- E. Малдың, аңның терісінен түгін (жүнін) сыртына қаратып үлкен етіп тіккен қыстық киім, киімнің сыртынан киеді.

27. Киімнің жобаланатын пішімін құруда қосымшаларды не үшін беріледі:

- A. Адам өлшеммімен байланысты анықталған қосымшалар;
- B. Бұйымды жалпы қолдануға арналған қосымшалар;
- C. Сәндеуге берілетін қосымшалар;
- D. Киімнің жобаланатын пішімін құрудың анықтылығын еркін қысымдылыққа байланысты беріледі;
- E. Тік, жартылай қынамалы, қынамалы трапециялы үшін;

28. Сәукеленің негізгі бөліктері:

- A. Құндыз үлбірлермен, мамықтармен қапталған;
- B. Самай баулармен;
- C. Тәж, төбе, самай бау және артқы бау;
- D. Тәж, төбе;
- E. Ұлттық киімнің түрлерімен.

29. Кимешектің құйрығы:

- А. Кимешектің арқадан төмен салбырап тұрған жалаң қабат бөлігі;
- В. Кимешектің басқа киілетін көбіне бөлігі екі қабаттап жасалады
- С. Кимешектің арқаны жауып тұратын бөлігі;
- Д. Киімдер әлеуметтік қатынастар жүйесінің «құралдық» элементтер жиынтығы;
- Е. Адамдарды қоршаған ортаның, климаттың және ауа райының жағымсыз шарттарынан қорғайды.

30. Бөлшектерді пішу кезінде матаны қалай тексеру керек:

- А. Бөлшектердің ұзындық бағытын ескеру қажет;
- В. Матаның бетіндегі түгін, суретін, негізгі жіптің ұзындық бағыт ауытқуларын ескеру қажет;
- С. Матаның өрнек бағыттарын білу қажет;
- Д. Жолақ және торкөз маталардың үлкен-кішілігіне назар аудару;
- Е. Матаның бетіндегі түгін ескеру қажет.

31. Әйелдердің ұлттық көйлегі:

- А. Белдемше;
- В. Жейде;
- С. Көкірекше;
- Д. Қосетек;
- Е. Қасаба.

32. Ежелгі қазақ ұлттық киімдерінің дәстүрлі пішімі:

- А. Кебенекше ойып пішілген;
- В. Этнографиялық ұлттық киім жинағы;
- С. Қондырма жеңді;
- Д. Бел сызығында қиылған;
- Е. Туника тәрізді.

33. Бүкпелерді көшірудің міндетті шарттары:

- А. Бормен сызылған жерін жайлап қолмен қақса;
- В. Көктеп белгілеу ;
- С. Бүкпелер өз қалпында қалу;
- Д. Бүкпелер көшіруін үлгі көмегімен белгілеу;
- Е. Шығыңқы орталығын белгілеу.

34. Киіз басудың ең дәстүрлі үлгілеріне нелер жатады:

- A. Киіз, текемет, сырмақ, түскиіздер;
- B. Кілем тоқу өнері;
- C. Қазақ зергерлік өнері;
- D. Түрлі-түсті жіптермен ою-өрнектер кестеледі;
- E. Түскиіздер.

35. Базистік тор қандай сызықтардан құралған:

- A. Түзу, қиғаш сызықтардан;
- B. Дөңес сызықтардан;
- C. Қолтық, мойын ойындысынан;
- D. Вертикаль және горизанталь сызықтардан;
- E. Мойын, кеуде, бел, мықын сызығынан және етек.

36. Сәукеленің қазіргі негізгі бөліктері:

- A. Биік төбелі ұзатылған бас киім;
- B. Төбелікті сайға бөлгендей тік;
- C. Тәж, төбе, самай бау және артқы бау;
- D. Қыздар киетін «скуфьяның» төбесі үшкірлеу болған;
- E. Артқы, алдыңғы баулары.

37. Асықшылап тігу:

- A. бедерге пайдаланып қосып тігу.;
- B. Жас балалар киетін жадағай шетін жиектеп, көмкеріп тігу;
- C. Жиектеп тігу;
- D. Астарлап тігу;
- E. Екі бөлшекті біріктіріп тігу.

38. Ұлттық киімдердің адамның дене мүшелеріне сәйкес жіктеленуі:

- A. Ішкіім, сырт киім, көйлектер, баскіім;
- B. Сәби, бойжеткен, қалыңдық, бәйбіше, күйеу киімдері;
- C. Баскіім, иықтық киім, белдік киім, аяқкіім;
- D. Иықтық киім, тондар, аяқкіімдер;
- E. Аңшы-саяхатшылар, батырлар, дәулетті қазақтар киімдері.

39. Оқалы шапан.....:

- А. Түйе немесе қой жүні салынып тігіледі ;
- В. Жеңсіз, ілмектелген, өңірі мен шет-шеттері терімен әдіптелген шолақ;
- С. Кебенекше ойып пішілген;
- Д. Етек – жеңі кестеленген;
- Е. Өңірі, етек-жеңі оқа-зерлі шапан.

40. Шалбар – дамбалда әдіптің жобалатындығы

- А. Гигиеналық талаптарға байланысты;
- В. Шалбарларды пайдалану жағдайларына байланысты;
- С. Маусымдық киімдерге байланысты;
- Д. Конструкциясына байланысты;
- Е.Қазақ ұлттық киімдерінің қалыптасқан стиліне байланысты.

ТЕСТ КІЛТІ

1. В	11. Д	21. Е	31. С
2. Е	12. В	22. С	32. Е
3. С	13. Е	23. Д	33. Д
4. Д	14. А	24. А	34. А
5. Е	15. В	25. В	35. Е
6. С	16. Е	26. Е	36. С
7. А	17. С	27. Д	37. В
8. С	18. Д	28. С	38. Д
9. В	19. А	29. А	39. Е
10. А	20. В	30. В	40. А

КИИМ-КЕШЕК БӨЛШЕКТЕРІ, МАТЕРИАЛЫ, ТЕХНИКАСЫ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚЫСҚАША СӨЗДІГІ

А

Айналма етек көйлек – белден етекке дейін он екіден сегіз қиықтан құралып тігілген көйлек.

Айыр қалпақ – ақ киізден иленіп, екі жағы жырық етіп жасалған, түріп киетін бас киім.

Ақ желек – ақ торғын орамал.

Ақ мауыты – мақта мен жүнді қосып тоқыған қымбат мата.

Ақсұп // мәткел – ірілеу, дөрекі тоқылған мата.

Ақшиампу – ақ матаның сусылдақ арзандау, түрі.

Ақық – асыл тас.

Алаетек – түрлі түсті жолақты мата.

Алалап қиықша салу – екі түсті жіпті біріккен жолақ түрінде түсірген өрнек. Көбіне кимешектің әшекейіне қолданылады.

Алдыңғы өңір – шапанның алдыңғы екі бойының атауы. Қазақ шапандары көбіне үш бойлы, екі жеңді болып және жағасын ойып шығарып пішіледі. Үш бойдың алдыңғы екі бойын алдыңғы өңір деп атайды.

Алжапқыш – жұмыс істегенде шеберлердің алдына байлап алатын шалғышы.

Алқа – алтын, күміс, маржанмен әшекейленген омырауша, өңірі, өңірше.

Алтайы қызыл бөрік – алтай түлкісінің терісінен тігілген бөрік.

Алтын кебіс – алтын зер, шытыра жүргізілген кебіс.

Алтын оқалы шапан–өңіріне, жеңіне алтын оқа қондырылған шапан.

Алшалғы – жұмыс киімінің бір түрі, бие сауғанда, ет бұзғанда, етік тіккенде алдына байлап алатын, омырауы бітеу, қолтығы оймалы алжапқыш.

Апшу – кішірею, кейбір мата жуылғаннан кейін кішірейіп, тар-тылып қалу.

Артқы бой – пішкен кездегі оның артқы бөлшегінің атауы.

Астар – сырт киімдердің, аяқ киімнің, көрпенің т.б. матадан, теріден жасалған ішкі беті.

Асықтау – киім т.б. көмкеру, жиектеу.

Асықшылап тігу – жас балалар киетін жадағай шетін жиектеп, көмкеріп тігу.

Асыл киімдер – қымбат бағалы, бір киер киімдер.

Асыл тон – қымбат бағалы тон.

Атлас – атластық тоқу деп аталатынына: беткі қабаты тегіс, тігісі жатық, жібі түзу, жарқыраған жібек немесе жартылай жұмсақ жібек мата жатады.

Аударма бас етік – қалыпқа тартылмай-ақ жай кептеліп барып ұлтарылады, әшекей, ою, өрнек салмайды.

Ә

Әдіп – киімнің етек, жеңіне, өңіріне айналасына жиектеп салынған көмкерме. Теріден тігілген киімдердің сыртынан да әдіптеп жиектейді. Егер мата болса бүктеліп немесе басқа матадан жеке кесіліп салынады. Әдіп киімге сән береді, әрі беріктігін арттырады. Шалбардың етегі қалпақтың қайырмасы, бешпет, шапанның жиегі киімнің жағасын да әдіптейді.

Әдіптеп тігу – тігілген киімнің етек-жеңіне жіңішкелеу етіп, қосымша мата қосып тігу.

Әміркен етік – сырлы былғарыдан тігілген етік.

Әміркен кебіс – сырлы былғарыдан тігілген кебіс.

Әміркен мәсі – сырлы былғарыдан тігілген мәсі.

Әредік кесте – тақия, балақ, өңір, жаға, етек, әйелдердің тымағы, кең қоныш етектердің бұрыш-бұрышы сияқты зат бөлігіне тігіледі немесе бөлек тігіліп қондырылады, әрбір жерлеріне тігіледі. Әшекей – өрнек, бір нәрсені әдемілеп тігу, алтын, күміс, маржанмен әшекейлеу.

Б

Байпақ – етектің ішінен киетін, жұқалау етіп басылған, қонышы ұзындау келген киіз шұлық.

Байпақты етік – киіз қонышты етік. Ал, батыс аймақта мұны бөкіс деп атайды.

Байтаба – түйе не қой жүнінен тоқылып, онан соң жүн салып басылып қалыңдатқан байпақ.

Бақабас етік – жалпақ басты етік.

Бақай етек – етегін бүрмелеп, желбіршектер салып киетін ұзын көйлек.

Балақ – шалбардың, дамбалдың тізеден төмен жағы.

Балдақ – шалбардың белбеу өткізетін бір-бірінен сүйемдей алшақ тігілген, тігінен салынған таспа.

Барқыт – оң жақ беті жұмсақ түкті келген, жұмсақ мата. Барқыт негізінен толығымен түкпен жабылса тегіс деп аталады, бірен – саран болса фасонды, тапталған, жол-жол немесе қырлы-қырлы. Барқыттың аксамикалық, зерлі жіптен бедер салынған түрлері бар.

Баршын – жолақты жібек мата. Жібек маталардың ішінен көбірек тарағаны: торқа, қырмызы, жібек, торғын, құбылмалы жібек жолақ баршын, мақпал, атлас, қамқа және басқалары.

Баспа – оқалап зерлеп тігу.

Бастыру – матаның үстіне қосып басып тігу.

Бастырып тігу – мата шеттерін қиыстырып тіккеннен кейін, оны екінші рет бастырып тігіп шығу.

Батқы – аяқ киімнің сірөкшесінің ту сыртына орнатылған металл құйма.

Батсайы – қалың жібек кездеме, мата

Баулық – киім-кешекке қадалған түймені өткізіп қоятын ілмек бау.

Бауырдақ – тақа тәрізді пішіндегі өкшенің жербасарынан басталған темір құйма «бауырдақ» өкшенің алдын орай келіп, шажамайынан басып, табанға әкеліп бекітілген аяқ киімнің берік болу үшін жасалған металл тетік.

Бедерлеп тігу – мақта матаның қиындыларын бастыра шолып тігу.

Белдемше – той-думанда көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі. Іс істген кезде алға байлап алатын алшалғыны ертеде «белдемше» деп те атайды.

Белбеу – етіктің белтірісі мен оймасын айналдыра өкшелігіне дейін, басқа сұрыпты теріден салынған ені екі-үш елідей жолақ.

Белтір – етіктің басы мен қонышының арасы.

Берен тон – барқытпен тысталған тон.

Бергек – сәукеленің төбесіндегі алтын-күміспен, басқа да асыл тастармен әшекейленген қатырғы. Сәукеленің желегі осы қатырғыға бекітіледі.

Бет моншақ – сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. Оны сәукеленің бет моншағы деп атайды.

Бестақа етік – өкшелі, жетім ұлтанды, атқа мінгенде киетін үзеңгіге ыңғайлы жаздық, сәндік етік түрі.

Бәтес – көйлек түсі жылтыр, мақтадан тоқылған жұқа мата.

Бешпент – жеңіл тігілген астарлы шапанша.

Бешпентше – шағындау тігілген сырт киім.

Бидайы – астар мен тыстың арасына салынатын жүн немесе шүберек.

Биік өкше етік – қыз-келіншектерге арналған өкшесі биік етік.

Биқасап (бекасаб) – еңсіз жартылай жібектен немесе мақта матадан тығыз тоқылған жолақ сары ала, көк ала түсті жібек мата.

Бомазы (бомазея) – жұмсақ түкті мата

Борлат – қызыл түсті жұмсақ мата.

Бізөкше – өкшесі тасұтаннан көп қабатты етіп салынған, жер-басарына қарай жіңішкеріп келген әйел аяқ киіміндегі өкше түрі.

Білте басу – тігіннің шеткі емеуіріне бөлек пұлдан (матадан) ширатып емеріп тіккенді де білте салып, тігу деп атайды. Мата ішіне ширатып жүн жіп салып оның көлемі мен жуантығын арттырады.

Боз шекпен – боз тайлақ пен жас боз түйелердің жүнінен бір тін етіп иірін, өрмекпен тоқып алып пішілетін сырт киім, шекпен.

Бөз (бязь) – жұқа бостау тоқылған мата.

Бөрік – елтіріден, аң терісінен тігіліп, жиегін қымбат бағалы аң және мал терілерімен көмкерген құлақсыз етіп тігілген матамен тысталған қыстық бас киім.

Бөртпе шәлі – жібек жіптен тоқылған шашақты орамал.

Бүкпелеу – бой жапсаруда, етегін, жең ұштарын, қалтаның аузын және осы сияқты екі шетін қосып бүтетін жағдайда қолданады. Бүгіп тігудің түрлі-түрлі жолдары бар, киімнің екі шетін ұштастырып үстінен тепшу, етектің, жеңнің шетін бүгу жатады.

Бүктесін – матаның екі қабаттап қайырған шеті, бүгіп тіккен, қабыстырған жері.

Бүрме – бүрістіре, жиырып тіккен тігіс. Көбіне көйлек кеудесінің етекке қосылатын жерін солай тігетіндіктен, аталған бөлік-ті де бүрме деп атайды.

Бүрме тігіс – бір матаның шетін жинай тіккенде қолданылады. Мысалы, желбіреуіктерді, қос етектерді, бүрмелі жағалар. Бүрме тігістер екі қатар жүргізіледі иненің әрбір шаншымы сиректеу келеді де, жіптің бүре тартылуымен жиырыла тігіледі.

Бүрмелеу – бүріп, жиырып тігу. Қоныш, бас, тақа тігіліп болған соң, оны қалыпқа салып бүрмелейді.

Бұзау тіс–заттың шетін кезек түйреп жапсардан өткізіп отырып тігу.

Бұл – мата, кездеме.

Бұлық – 1.Сырт киімдердің әдібін қалыңдату үшін арасына салынатын қабат, жиек; 2.Шалбардың сыртқы тігіс бойына ұзыннан салынатын жапсырма.

Бұрама жаулық – басқа бұрай орайтын, ұзындығы төрт-бес метрлік орамал.

Бұраңсоз – түсі қызылдау шыт мата.

Былқылдақ – әйелдердің бас киіміне тағатын үлкен моншақ, маржан.

Бақай етек – етегін бүрмелеп, желбіршектер салып киетін ұзын көйлек.

Балақ – шалбардың, дамбалдың тізеден төмен жағы.

Балдақ – шалбардың белбеу өткізетін бір – бірінен сүйемдей алшақ тігілген, тігінен салынған таспа

Г

Галош – тазалық үшін етік, бәтеңке, мәсі сыртынан киетін кебіс тәріздес резеңке аяқ киім.

Гарус – жүннен иірілген жұмсақ жіп.

Гірпі – жібек, шайы мата.

Д

Дақы – малдың, аңның терісінен түгін (жүнін) сыртына қаратып үлкен етіп тіккен қыстық киім, киімнің сыртынан киеді.

Далбағай // жалбағай – күннен, жауын-шашыннан, ыстық пен шаңнан қорғану үшін киетін жалаң қабат шұғадан тігілген еректердің тымағы.

Дамбал – шалбар ішінен киетін жұқа іш киім.

Дұқат шапан – асыл матадан тігілген шапан.

Е

Елтірі – туғанына 2-3 ай болған жүні бұйра қозы терісі. Ішік, тымақ, бөрік, жеңұш, жаға тігіледі.

Емеру – бір заттың шетін ішіне қарай бүгіп тігу, айталық, етек-жеңнің ұшын ішіне қарай бүгіп емеріп тігеді.

Ен – матаның көлденең көлемі.

Енді – кең, мол, жалпақ (көйлек, шалбар, киім мата).

Енсіз – ені тар мата.

Ендіру – еніне қосу; енін үлкейте түсу.

Етек – былғары, тері материалдардан жасалған қонышы ұзын аяқ киім.

Етік басы – аяқтың башпайлары мен мойынын қауып ұстап тұратын бөлігі.

Ж

Жабағы – қойдың, түйенің жазғы тұрымғы ұйысқан салалы жүні. Жаға – сырт киім мен көйлек-көншектің жағасы. Бітеу, орама, қисық түрлері болады.

Жадағай – астар салмай тігілген жұқа сырт киім.

Жай табан етік – ұлтармалы етік, қайымалы етік.

Жайдақ етік – өкшесі аласа етік.

Жайынауыз кебіс – аузы кең, керсені биік келген кебіс түрі.

Жақ – кимешектің алдыңғы жағына екі бетін бойлай, иектің астына келтіріп тіккен әшекей кесте.

Жақ моншақ – алтын, күміс қозалармен, асыл тастармен бұршақтап, үзбелестіріп жасаған салпыншақ, бет моншақ сияқты моншақ түрі.

Жан қалта – киімге қоса жапсырыла тігілетін қалта.

Жапсыра тігу – әдіптің шетін жинауға, кенерелерін бекітуге қолданылады.

Жаулық – кимешектің сыртынан оралатын орамал.

Жекей табан – 1. Жай табан, жеңіл етік. 2. Өкшелі, әдемі тігілген етік. «Кигенім аяғыма жекей табан, жекей басып жүргенім бұл бір заман» (ел аузынан).

Желбір // желкей // желбезек (оборка) – әйел көйлегінің етегіне, иығына жапсыра қатар-қатар тігілген бұрме желбіршек (кейде желбірді иыққа, омырауға, жең ұшына салады).

Жең – киімнің иықтан қолдың білезігіне дейін жетіп тұратын бөлігі.
Жеңсе – жұмыс киімнің бір түрі, шынтақтан, қолдың мойнына дейін жететін қолдың қарын қорғайтын тұйық қолқа.
Жеңтүп – жеңнің киімге тігілетін, жалғасатын жері.
Жеңұш – жеңнің аузына салған мата, жұрын.
Жербасар – аяқ киім өкшесінің жерге тиетін бөлігі. Тайқы, біз өкшелердің жербасары кішкене болып келеді.
Жиек – бау шыжымдап өрген немесе тоқылған бау таспа.
Жиек басу – мата немесе киіз үстіне салынған ою-өрнекке жуан жіпті, бедерге пайдаланып қосып тігу. Жалаң жиек және қос жиек деген екі түрі бар.
Жолақ – бір істің ұзына бойына бойлата жүргізген ұзынша өрнек.
Жөрмеу – қолмен тігу әдісінің бір түрі. Қатарласқан екі бөлек затты жапсарластырып тігу.
Жұмыршақ – мата (бет орамалдық мата).
Жұрын – киімнің (бас, бой киімге) шетіне жапсыра тігілген тері, жүн материал, елтірінін, аң терісінің, басқа да терілердің қиығы.
Жұрынды бөрік – шетіне жұрын бастырып тіккен бөрік.
Жұрындау – киімнің етек-жеңіне тері жақтарын басып тігу, терімен әдіптелген тұсын жұрындалған дейді.
Жыға – бас киімге тағатын айдар сияқты асыл тасты әшекей.
Жырға – сәукеленің моншағы, шұбыртпасы, салпыншағы.
Жібек – жібек құртының пілласынан тоқылған жылтырақ, беті тегіс, қымбат мата.
Жіптік – суыртпаққа жыртып алған матаның кенересі, сыптығыр ширатылған жіп, талшық.

3

Зер – алтын, күміс талшықтарын араластырып тоқыған лента тәрізді материал, оқа.
Зер көйлек – парша көйлек.
Зер тақия – алтын, күміс оқалы тақия.
Зерлі тон – өңірінде, етегінде, жеңінде алтын, күміс зері бар тон, оқалы тон.
Зерлі шапан – өңіріне зер ұстаған шапан.
Зерлеу – зермен әшекейлеу, алтындау, жылтырауықпен әшекейлеу.

И

Иектік – кимешектің жағы.

Ине – іс-киім тігетін, жіп сабақтайтын көзібар басы үшкір аспап. Шүйдесінде жіп сабақтайтын тесігі (көзі) мен қажетіне қарай ұзынды-қысқалы болады.

Ирек тігіс – ине шаншумен тұмаршалап иректі тігу. Бұның істелуі шалып тігумен ұқсас.

Ит көйлек // итжейде – жаңа туған балаға қырқынан шыққанша кигізетін, тігісі сыртына қараған, етек-жеңі қайырылып тігілмеген көйлек.

Иық – жең түбінің үстіңгі жағы, киімнің иіні.

Индік – бешпенттің сыртынан, екі иықтың екі жағынан сәл төмендеу тағатын әшекей.

Иініш – көйлектің иығы, жауырыны, алдыңғы иініне ішінен салынатын қабаты, астар. Иінішін теріс ендіргендей – істің қиюын келтірмей жасау.

Иіру – жүннен, мақтадан ұршықпен жіп ширату.

К

Камзол–көйлек сыртынан киетін жеңсіз немесе шолақ жең бешпент. Кебенек – малшылардың суық және су өткізбейтін киізден тігілетін сырт киімі.

Кебенекше ойып пішу – матаны екі қабаттап (ені тарлау болса қосып үлкейтіп алады) алып, киімнің алдыңғы, артқы бойын бірдей етіп пішіп, жеңін қолтықтан төменгі жағын ойып, жағасын Т әрпіне ұқсатып қиып, иығында тігісі жоқ етіп, пішуді кебенекше пішу деп атайды.

Кебіс – 1. Мәсінің, етіктің сыртынан киетін аяқ киім. 2. Қыз-келіншектердің өкшесі бар, былғарыдан тігілген, алтын, күміс шытыраларымен әшекейленген аяқ киімі, туфли. Кебіс түрлері: көксауыр, мықшима, жезөкше, қазық өкше, үшкір бас. Кебістің өкшелігіне мық қағып, өкшесіне жезден, мыстан нәл орнатып, шажамайларын күміспен өрнектеп, ернеуіне сызықты ою батырып әшекейлейді.

Кәжекей – жеңі жоқ, жағасы кең ойылған, белден төмендеу түсіп тұратын барқыт камзол.

Кездеме – мата, бұл.

Кәзекей – сырт киім астынан киетін шолақ жеңді кеудеше.
Кәмшат – құндыздың бір түрі.
Кенеп – боялмаған зығыр, мақта матасы немесе жібек кездемесі қарапайым әдіспен тоқылған мата түрі.
Кепеш – сырып не кестелеп тігілген дөңгелек, басты қауып ұстап тұратын тақия.
Кердағай – жұмыс етігі.
Керегекөз тігіс – көркем тігіс түрі, ромб тәрізді өрнек түрі.
Керсен – етіктің желкесі.
Кесікбас – етік үлгісінің бір түрі.
Кесте–әшекей тігісінің аты; өрнек; бізбен іліп тігетін көркем тігіс.
Кестелеудің түрі: біз кесте, айқас тігу, жіп салып тігу, шыраштап тігу, басып тігу, қайып тігу, бүршіктеп тігу, баспа, кенебе, албыр кесте (Х Шобай).
Кестелі тон – кесте жүргізіп, сәндеп тіккен тон.
Кеуделік – кеудеге киетін қысқа киім, кеудеше.
Кеудеше – 1. Ер адамдарға арналған жылы, кеудеге киетін киім, желетке. Бұл киім әртүрлі аталады: көкірекше, нымша, кеудеше, күрме. 2. Әйелдердің кеудесіне киетін жұқа киімі.
Кимешек – әйелдің ақ матадан тігілген бетшығатын ойығы бар, иық пен кеудені бірдей жабатын, артқы жағы үшбұрыштала арқадан төмен салбырап тұратын бас киімі. Оның бұрама, бүрмелі, орама кимешек деген және т.б. түрлері бар.
Кимешектің құрылысы: кимешектің алқымы – кимешектің жағынан төмен, күләпарамен жалғасқан өңір, иінге түсіп тұрған бөлігі.
Кимешектің бет ойығы – басқа киіліп келген күләпараның адамның бет жүзіне келетін алдыңғы ойық бөлігі.
Кимешектің жағы – тен, өзара тігіспен біріктірілген, кимешектің бет ойығының айналасы. Оған арнайы кестелеп, құймалып, маржандап жасаған мата жолағын қондырғанын да немесе мата қабаттап әдіптеп жасаған түрін де жақ деп атайды; Кимешектің жауырынтағы – кимешектің арқаны жауып тұратын бөлігі;
Кимешектің күләпарасы – кимешектің басқа киілетін көбіне бөлігі екі қабаттап жасалады;
Кимешектің құйрығы – кимешектің арқадан төмен салбырап тұрған жалаң қабат бөлігі;

Коленкор – мақтадан тоқылған биязы мата. Өңдеу сатысы барысында қатты, әрі тегіс болады.

Көгөбай – судыраған жылтыр матадан тігілген жеңіл шапан.

Көгөріс өрнек – өсімдік бейнелері кескінделген флоралық өрнек түрі, әйел киіміне, жейде, көбіне кеуде киімдерге салынады.

Көзел етік – ешкі терісінен тігілген, жұмсақ былғары етік.

Көзтана – сәндік үшін тағылатын үлкен жарқырауық түйме.

Көйлек – денеге шақталып тігілген жұқа, жеңіл киім.

Көк етік – былғарыдан, жасыл түсті былғарыдан сәндеп тіккен етік көксауырдан оюлап тіккен жеңіл, үшкір тұмсық етік.

Көкірекше – сырт киімдердің ішінен киетін жеңі жоқ киім.

Көксауыр – ертеде Орта Азияда жылқының сауыр терісінен арнайы тәсілмен дайындалған жылтыр, өте сапалы былғары.

Жақсылап иленген көкке, кейде жасылға, қызылға қандыра бояған өте сапалы былғары. Көк сауырмен көбінде аяқ киім тігіп, әшекейленеді.

Көктеу – киім пішілгеннен кейін бөлшектерді долбарлап құрас-тырғанда қос қабатталған екі матаның асты-үсті тең болып шығу үшін, әрі жіптің сытылып кетпеу үшін қолданатын уақытша тігіс әдісі. Көктеу іс аяқталғанда сөгіліп тасталады.

Көмкеру – киімнің астарымен тысын қоса киіздің, былғарының, терінің шетін астына қарай қабаттап тігу.

Көн – ірі қара терісінен иленген қатты былғары.

Көн етік – көннен тігілген етік.

Көпіртіп тігу – әзірленген өрнек үлгісінің үстінен тігіледі. Мұндай материалдың бетіне бүлдіргеленген жіп түйіндер қалдырып отырады.

Көркем тігіс – өзінің тігілу әдісі мен мәнеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Айталық, алтындап (зерлеп) тігу, қату; айқас тігіс, қусыру; батырып тігу, маржан тігіс; бедерлеп тігу, сыру; бүгіс тігіс, «тышқан із», бүрме тігіс және т.б. көптеген түрлері бар.

Күдері – әбден иі қанып жұмсартылған, май сіңген былғары қанықпасы. Сыртқы жүн жағын емес, астыңғы түкті жағын пайдаланады.

Күзен ішек – күзен терісінен тігілген ішік.

Күлдәрі – жұмсақ жібек мата; үлбіреуіш.

Күләпара – көне тымақ түрлерінің бірі; сулық киімнің жағасына қоса орнатылған күләпара.

Күлте – бір буда, бір түп, бір топ шашақ (күлте шашақтың түбі мен ұшының жуандығы, қалыңдығы бірдей, онша ұзын емес, төгіліп тұрады).

Күлтелі көйлек – желбіретіп салған қос етектегі көйлек.

Күмпей шапан – түйе жүнін қалыңдау етіп салып сырып тіккен, сыру аралықтары күмпиіп тұратын шапан.

Күндік – ұзындығы 3-5 құлаш, кимешектің үстінен орайтын ақ түсті жаулық.

Күпі – ішіне қойдың, түйенің жабағысын күскен жеңіл сырт киім.

Күсу – (подбит) – киімнің арасына, астарына жүн тарту (күпіге жабағы күсу).

Қ

Қабу – матаның арасына салынған мақта немесе жүн жылжып кетпес үшін тысы мен астарын инені бір шанышқан бетінде астынан үстіне қарай түйреу арқылы жапсыра тігу. Қабу мен тепшуде көп айырмашылық болмайды, тепшуді бұлдың немесе мақтасының қалың, жұқалығына орай, қолмен үш-төрт рет түйреп біраз алыстаған соң, инені тартады.

Қабырға тігіс – екі сызықтың арасымен қол инемен көркемдеп тігудің бір әдісі. Ұзынды-қысқалы жарыса, ұзын сызықтар арқылы бастырма, қабырға өрнектері тігіледі.

Қайтып тігу – ең мықты және көркем тігіс. Бұл тігістің бет жағы тігін машинасының тігісі тәрізді тігіліп түседі, яғни мұнда ине шаншымнан суырылған жеріне, қайтадан шаншылады. Осылай орындалған тігістің бет жағында жіпсіз бос орын қалмайды.

Қаю тігісін қазіргіде машина тігісі деп те атайды.

Қайырма жаға – тік жаға емес, қайырылып тұратын жаға.

Қайырма жағалы көйлек – жағасы үлкен, дөңгеленіп тігілген, киген адамның иығын жауып, жауырынға дейін жететін көйлек.

Қақпа – бала емізу үшін әйел көйлегенің бел бүрмеге дейінгі ашылып-жабылатын кеуде бөлігі.

Қалпақ – талдырма киізден немесе қалың матадан тігілген, биік төбелі ерлер киімі. Етегі кең, жиегі қайырылып барқытпен әдіптеледі.

Қалта – киімнің омырауына, екі қапталына қосып, яғни ойып тігілген, ұсақ-түйек зат салатын жапсырма, бөлік.

Қапсырма – екі өңірді өбістіре қаусырып, іліп тұратын күміс ілгек. Ол екі бөліктен – қаптырма мен қарсы ілгектен тұрады.

Қаракөл тері – қаракөл тұқымды қойдың, жүні бұйра, бағалы елтірісі.

Қарқара – бас киімге тағатын қауырсын (қарқара – құстың бір түрі).

Қарқаралы бөрік – төбесі биік, қыз-келіншектердің сәнді бас киімі (бұл қарқыра деп те аталады).

Қасаба – сұлбасы цилиндрге ұқсас желкесіне қарай қиғаш, ойысқан арқасында салбырап жатқан сұламадан тұратын, қыз-келіншектер бас киімі. Ертеректе бекзада әйелдер ғана киген.

Қатарма тігіс – бір бағытқа бүрмеленген қатарылған тігіс (одно-сторонние вертикальные складки).

Қатару – матаны жиырып тігу.

Қатипа – жұқа, жол-жол жібек мата.

Қатпар – киім бөлшектерінің бір-біріне қабатталып, бүктеліп тігілген тігістен пайда болған бүктесіні.

Қаусыру – екі етекті біріне бірін айқастыру.

Қаю – қол тігісінің ең әдемі, мықты түрі. (Қаю ескі шағатай тілінде – қайталау деген сөз). Қайып тігу инені бір тігісті қайталап шаншу әдісімен орындалады.

Қима жаға – қиып қондырған жаға.

Қынамалы /Қимал пішім/ киім – етегі ұзын киімнің бел тұсынан қыналып келген түрі. Қимал ішік – белі қыналып келген ішік; қима шапан – қынама бел шапан; қималы бешпент – қынама бел бешпент; қималы тон – қынама бел тон (ұзындығы тізеден сәл төмен түседі).

Қисық табан етік – оң-солы жоқ, екеуі екі бөлек етік.

Қол тігіс немесе инемен тігу – қарапайым тігіс түрлерін айтады. Оның қабып тігу, жөрмеу, қаю, тепшіп тігу, қайып тігу, сырып тігу, ілмеп тігу, көктеп тігу, қиықшалап тігу сияқты түрлері кездеседі.

Қолқа – шалбардың ышқырының шетін кері қайырып тіккен, ортасына жіп өткізетіндей келген тұйығы.

Қолтық ойындысы (пройма) – қондырма жеңі бар киімдердің жеңі қосылып тігілетін тұсының қиғаштай, тік, доғал кесілген бөлігі.

Қолтықша – үшкіл өрнегінің ішкі ойыс жағы.

Қолтырмаш – киімнің жең түбінің астыңғы қолтығына келетін ойындысына салынатын төрт бұрышты, ромб пішінді қиынды.

Қомыт – шоқпыт киім.

Қоныш – етік, мәсі сияқты аяқ киімдердің балтырды жауып тұратын бөлігі.

Қонышбау–етіктің, шұлықтың қонышын жоғары ұстап тұратын бау.

Қос жіпті қаю – қос инемен жасалады және екі түрі бар: тепшіп қаю және арқаулап қаю. Тепшіп қаюда істеткен екі жіп, айқасып түсіп отырады. Ал, арқаулап қаюда үстіңгі астыңғы жібі өзара ауыспайды, машинаның тігісіне ұқсайды.

Қосбасарлап тігу – ол қосу бірінші жіпті көлденең алып, екінші жіпті тігінен шаншиды. Ол керегекөз тігісіне ұқсас болғанымен, орындалу техникасында өзгешелік бар: тігіннің астындағы жіп шалынып келеді.

Қосетек – етегінің үстіне желбір тіккен сәнді көйлек.

Қусыру – айқастыру, жалғап жамау, жалғастырып тігу.

Құлақшын – құлақты жауып тұратын «екі құлағы» бар жылы бас киім.

Құлын жарғақ – жүнін сыртына қаратып құлын терісінен тіккен сырт киім.

Құмырсақабел етік – табанның шамажай тұсы ішіне қарай ойыс келген.

Л

Лағыл – жақұт сияқты сәнге жұмсалатын асыл тас.

Лақ ішік – лақ терісінен істелген ішік.

Лақа бас етік – басы жалпақ етік

М

Мақпал – тығыз тоқылған түкті, әрі жұмсақ қалың қалың мата, барқыт, пүліш.

Малақай – іш жағына қатты материал салып, маңдай терісі сыртына қарайды. Артқы жағы келте, екі құлағы маңдайына тері бастырылған қыста киетін бас киім, құлақшын.

Манат – барқыт тәрізді сырт киімдік бағалы шұға.

Маржандау – бір нәрсеге маржандарды бастырып тігу.

Мауыты–оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұғаның бір түрі.
Мәсі – жұмсақ былғарыдан тігілген, өкшесіз, жеңіл аяқ киім.
Милық – тымақтың төбесі мен құлағының қосылған шеңбері.
Мойынша – бөкебай, мойын орағыш.
Мұйық – қойдың иленген терісінен жүнін ішіне қаратып жасаған аяқ киім түрі.
Мық – ұсақ ағаш шеге.
Мықшима етек – өкшесінің түбі жуан, жер басар жағы жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқиған, қонышы, өкшелігі көксауырланып, тұмсығына қатырға салынып әдемілеп тігілген биік өкшелі саптама етік.

Н

Намаздық – мәсінің басы, тұмсығы.
Нанке шалбар – қалың сарғылт матадан тігілген шалбар.
Нілді етік – өкшесіне темір қағылған етік.
Нәлі – аяқ киімнің өкшесіне, тұмсығына қағатын темір.

О

Ойма – етіктің қоныш пен басы қосылатын жер.
Ойран–шалбар көне –киіктің терісінен кең, мол етіп тіккен шалбар.
Ойынды – киімнің жең қондыратын жері, жеңтүптің орны.
Оқа–күміс, алтын, жез ораған жіп; осы жіптерден тоқылған жолақ.
Оқалы шапан – өңірі, етек-жеңі оқа-зерлі шапан.
Омырау–киімнің, жағаның екі жақ ұшына таман келетін, кеуде тұсы.
Омырауша – қазақ қыздары төсінің өскендігін жасыру үшін, көйлектің ішінен киетін тар желетке түрі.
Орамал – әйелдердің жаулығының кей жерлердегі атауы.
Ою салу – өрнек түсіру, әшекей жүргізу.
Оюластырып кестелеу – бірыңғай матаға (барқыт, жүрген, шұға) біртұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан үйлескен тұтас желі жасау негізінде тігіледі.

Ө

Өбістіру – киіздің, терінің, екі бөлек матаның шеттерін біріне-бірін айкастырмай тек шеттестіріп тігу.
Өкшелік – аяқ киім табанының өкше тұратын жері.

Өң киім – сырттан киетін киім.

Өңірше (планки) – киімнің екі алдыңғы бойы; көйлектің алдыңғы жаңынан омырау тұсына жапсырып тігетін әшекейлі, кестелі, көркем безендірілген мата бөлігі, алқалық.

Өрнек тігіс – көркем түрлерінің бейне өрнек беретін түрі, алақұрт, сағат бау, шытыра, су тарту, ирек түсіру, кереге көз сияқты күрделі өрнек түрін салатындығына байланысты аталады.

II

Пай немесе пайы – тығыз жібектен жатық боялған, кең көлденең ұсақ жолдарда тұратын кең таралған жібек мата.

Паңбарқыт – жібек жіп араластырып, әртүрлі гүл төгіп тоқылған жұмсақ барқыт.

Парша – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.

Пішім – киімнің пішілуі, үлгісі.

Пішу – киімді тігер алдында өлшеп алып не үлгіге салып кесу, кию, отау.

Пүліш – мақта мата, жібек немесе жүннен тоқылған кездеме, барқыттан ерекшелігі түгі ұзындау, жұмсақ түкті қалындау мата.

Пүліш барқыт – ұзын түкті барқыт.

Пұшпақ – малдың, аңның тізесінен төменгі сирақ терісі.

С

Сабақ – инеге қабақтағанда адамның қолы созылып тартқанда оралып шатаспайтындай жіп көлемі. Жіптің қабатталуы, жуан-жіңішкелігіне қарай бір сабақ жіптің ұзындығы әрқалай болады.

Сабақтау – жіпті иненің көзінен өткізу.

Сағат бау өрнегі – кесте өрнегінің аты.

Сақтиян–ешкі, қой терісінен май сіндіре илеген, жұмсақ, жұқа былғары.

Салы орамал – үлкен кестелі, шашақты орамал, жаулық.

Саптама – қонышы ұзын, кең, киіз байпақпен, шалбардың балағын іштен салып киетін, қонышы бітеу қусырылған, әрі тізеден асыңқырап тұратын аласа өкшелі етік.

Саржа – матаның кең тараған сұрпының жалпылама атауы. Қиғаш түскен тоқу іздері бар, суылдақ, жылтыр түрі. Көбіне астарлық маталар осындай тәсілмен тоқылады.

Сары шекпен – түйе жүнінен тоқылған шекпен, сулық.

Сары жарғақ – киім тігуге арнап сары түспен боялған жарғақ.

Сауыр – малдың сауыр терісінен жасалатын былғарының ең шымыр жері.

Сан шалпыншақ – әшекейлі белдіктің қосалқы бөлшектері.

Сәндіп – сәтен мата.

Сәрпөнке – бос тоқылған, жолақты мақта мата.

Сәт құндыз – қымбат, бағалы, жоғары сапалы құндыз.

Сәукеле – ұзатыларда қыздар киетін сәнді бас киім.

Себіл тон – оқ өтпейтін киім.

Сегіз сай бөрік – төбесі сегіз бөлік болып тігілген бас киім.

Селпу (селпеу // селкеу) – матаның, терінің, киіздің созылып шыққан міні, тігін жібінің іркіліп қалған ілмектері.

Сеңсең – марқаның қырқылмаған терісі. Ішік, тымақ, бөрік жасайды.

Сусар – терісі бағалы аң. Сусар бөрік сусар терісінен тігілген бөрік; сусар тон сусар терісінен тігілген тон.

Сыздық – киімді тіккенде екі бөліктің ортасына (етікке) сән үшін және берік ету үшін салған жіңішке жұқа қабат.

Сым – матадан тігілген шалбар.

Сіртақа–сір өкше (аяқ киімнің өкшесіне салатын қатты көн, былғары).

Сірі – 1. Етіктің өкшесіне қойылатын қалың, қатты көн. 2. Шала иленген көн тері.

Сірлік – етік өкшесінің сірі тұратын жері.

Сірөкше – өкшенің ішкі жағына тайсұлтаннан «сірі» салып қайып тіккен.

Т

Табандық ұлтан – табанға салған қос қабат ұлтанның сыртына қаратып салған көн бөлігі.

Тайжақы – тай терісінен істеген ішік.

Тайқылай салу – етік өкшесіне бірнеше қабат сіріні жербасары жіңішке, табанына қарай жуындап келетіндей етіп қиғаштай кесіп салу тәсілі.

Тақа – 1. Аяқ киімнің өкшелік тұсына сыртынан қатты теріден қабатталып салынған бөлігі. Оны мық (ағаш) шегемен отырғызады немесе қайып тігеді; 2. Аяқ киімнің өкшесіне қағылған металдан жасалған жалпақ кесінді. Көлемі өкшені айналып келген доғаша болады.

Тақия – тысы (сәтен, шұға, барқыт) матадан әртүрлі тәсілмен (сыру, кестелеу, қол кестелеу) тігілетін жеңіл бас киім. Жасалу техникасына қарай зерлі, үкілі, оқалы деген түрлерге пошымына қарай төрт төбелі, дөңгелек, жалпақ тақия деген түрлерге бөлінеді.

Таңдай тігіс. Үш сызықтың үстімен қиғаш шаншып тігілетін қос қабырға мәнерімен орындайды. Мұндай естелі тігістермен кимешек жақтарын, жаға, жеңнің аузы, сырмақтың шетін тігеді.

Тарамыс – ірі қараның сiңiрiн кептiрiп, тоқпақтап, тарамдап, ширатып жасаған етiк тiгуге арналған жiп.

Таспа - иленген теріден жіңішкелеп тігілген қайыс.

Тасұлтан – сиыр терісінен жидіту, иге салу, түгін қыру тәрізді жолдармен шала өңделген, икемге келмейтін қатты тері. Аяқ киімнің табанына көбіне салынады.

Телпек тақия – төбеге ғана киетін тақия сияқты бас киім.

Тепшу – киімнің шеттері мен қоспаларын жұқа маталардың бүгістерін тіккенде көп қолданады. Матаның қалың жұқалығына байланысты инемен 3-4 рет түйреп алып, біраз алыстан инені тартып алып, қайталап отырады. Тепшіп тігу тігісі оң жағынан да теріс жағынан да бірдей иненің шаншымы мен аралықтарының ұзындықтарын бірдей болып түседі.

Тері шалбар – теріден тігілген шалбар.

Теріс қаю – әсемдеп істелетін тігіндерге істетіледі. Теріс қаюда жіптің көбі матаның үстіңгі бетіне түседі. Жіп бедері айқын көрінеді.

Тойнақ – металмен қапталған өкше. Шығыршық шеңбер.

Тоқыма – бізбен, сыммен шалып тоқыған зат.

Тон – илеген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырт киім.

Торғын – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.

Торқа – ең қымбат жібек мата. Жабайы кендірден тоқылады талшықты қайнатып, түйгілеп шаштың талындай қылып, өрмекте тоқып торқа алады. Өте тығыз тоқылады, су өткізбейді.

Төбе – бас киімнің немесе кимешектің үстіңгі бөлігі, төбесі.

Төбелдірік – кимешектің бүрмеленіп жиналған күләрапасының үстіне қондырылған жеке пішілген, сопақ келген, әшекейлеп кестеленген, безендірілген мата бөлігі. Оған маржан мен ұсақ шытыралар қадап әшекейлеген. Әшекей киетін адамның әлеуметтік дәрежесіне хабар береді.

Төрт басып тігу, бесбасарлап тігу- үшбасып тігудің күрделі түрлері Х (крест) түріндегі тігістің үстінен басып тігеді. Екі түрлі жіппен айшықтап тігетін көркем тігіс түрі.

Тұрқы - етіктің өкшесі мен тұмсығының арасы.

Түбіт – аңның, малдың қылшық жүннің астындағы биязы, үлпілдек жүн. Түбіт орамал түбіттен тоқылған орамал.

Түзу табан етік – көшпелі ортада таралған аяқ киім түрі, оң-солы жоқ, екеуі де бірдей етік, оң сол жақ сыңарларының табаны, пошымы, ұлтаруы бірдей, алмастырып кие беруге келетін етік.

Түйіп торлау - шалып торлумен ұқсастау формада болып, шалынған жіптен иненің басына тұзақтап, бір орап тігіннің қыр бедеріне айқындай тігу, түйіп торлау деп аталады.

Түйіртрек – бас киім төбесіне, қадалған тұйықша бау.

Түрме бөрік - төбесі жібекпен тысталған бөрік.

Тымақ - биіктөбелі, маңдайы сыртына қарайды, екі құлақшасы бар, желке жотаны жауып тұратын артқы етекпен тұрытын жылы бас киім. Оның мынандай түрлеріне байланысты атаулар: төрт май қарқаралы тымағы, алты сай сырма найман тымағы, жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы, сегіз сай уақ керей тымағы, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы, алты сай тобықты тамағы, үкілі тымақ, жекей тымақ.

Тыстау - сырт киімді матамен, терімен т.б. қаптау.

Тігіс - киім тіккендегі тігудің жолы, тігу ісі.

Тік жаға – жағасы ұзынынан да, көлденеңінен де бірнеше рет тігілгендіктен қатайып, тік көтеріліп тұратын жаға.

Тіреме – өкшесі мен табаны аралыңына салынған жайпақ жұқа темір. Аяқ киімінің шажамайы тұсынан сынып кетпеуін қамта-

масыз етеді және аяқты қауып табанды берік ұстайды, ұлтарак астынан салынады.

Тірсек жең - шолақ жең бешпент.

Ұ

Ұлтан - аяқ киім табанына салатын қалың, қатты былғары.

Ұлтандау- аяқ киімге ұлтан салу.

Ұлтарак- етіктің ішінен табанға салатын төсеніш.

Ұлтарма бас етік - басы мен қонышынан тұтас пішіп алып, бітеу бастап ұлтарған етік.

Ұлтару - қонышты аяқ киімді бастау, жаңадан ұлтан салу.

Ү

Үкілі бөрік - төбесіне үкі таққан бөрік.

Үшбасып (үшбасарлап тігу) тігу - оны алдымен екі жіпті көбейту амалының белгісі түрінде (X) тігіп алады да, соңғы үшінші жіпті соның белінен көлденең басып тігеді, нәтижесінде тең алты тармақ пішінді шығады. Бұл да көркем тігіске қолданылады.

Үшкіл – көйлектің етегін кеңейту үшін үш бұрыштап қоятын қиықша, шабу. Қолтыққа қоятын үш бұрышты қиынды мата үшкіл деп аталады. Кей жерде мәсінің сірісі.

Үштоп (штоф) – екі түсті жуантық жіппен тығыз тоқылған берділі жібек матаның бір түрі.

Ш

Шабу - киімнің алдыңғы өңір мен арт бойы қосылған жерде етегіне белге дейін үшкіл қондырма.

Шағи - жұқа келген жұмсақ және таза мата. Оның ішінде келінге жасау тіглетін батсайы, мақпал, дүрия, шағи бөлек.

Шажамай - 1. Аяқ кимідердің өкше мен табанның түйіскен тұсы.

2. Кебістің өкшелігі мен ернеуінің арасы.

Шалғай – 1. Етегі ұзын киімнің, бүйіріне шабу салынып, етегі кең дөңгелене келген айналасы. 2. Шалбар балақтарының аумен түйісетін тұсына ауды кеңейту үшін салынған үшкіл, ромб пішінді қиық. Олар бір – бірімен қосылып тігілген кезде аудың шалғайын құрайды.

Шайы - үлбіреген жібек мата.

Шалбар – қой терісінен, матадан тігілген, балағы аяқ басына түсіп тұратын, бұтқа киетін сырт киім.

Шалғай - етегінің аралығы; етек айналасы, етектің ұшы.

Шалып ілмектеп тігу. Біз кестемен тіккен сияқты ілмек болып түседі. Шалып ілмекпен тіккенде шанышқан иненің сабақталған жібін сол қолдың бармағымен баса бөгеп тұрады да, астынан көтерілген инені әлгі сабақтың ілмегінің арасынан шығарып тартады. Келесі жолы ине жаңағы шыққан ізімен қайта түсіп, кейінгі тігісінде бір шаншылып ілгерілеп шығады. Бұл әдісті орыс қолөнерінен көбірек кездестіруге болады.

Шапан - астарына жүн, мата салып сырып тігілетін немесе астарсыз жасалған сырт киім.

Шаршы - әйелдердің басқа тартатын ормалы, төртбұрышы кең келетін орамал.

Шаша қаю - қаюдан паркы үстіңгі бетіндегі жіп болмыс нүктедей ғана көрініп, жіптің көбі (көлемі) мата астына түседі.

Шегірен - малдың жон терісінен иленген, май сіңген, түрлі өңге боялған бетінде бұдыры бар жұмсақ былғары.

Шәйі (канаус) - қарапайым әдіспен жібекпен кенеп тоқылған киім.

Шекпен – 1. Жүннен иіріп, өрнектеп тоқылған сырт киім. 2. Сулық (киім сыртынан киетін, түйе жүнінен тоқылған киім).

Шәлі - үлкен, жылы орамал.

Шетік - жұқа былғарыдан тігілген, өкшелі мәсі.

Шеттік – кимешектің жағына тігілген шытырма оқа.

Ши плащ - ши барқыт.

Шибарқыт // кеңірдек барқыт (вельвет) - барқыттың жол-жол, ши бедерлі түрі. Беткі қабаты үлпілдек жұмсақ түкті мата, түкті маталар тобына жатады. Оны қазақтар жуан және жіңішке шили деген екі түрге бөлген.

Шибарқыт - барқыт, мақпалдың ең жоғарғы сұрпы, яғни шибарқыт.

Шоқ - шашақ, таяқияның төбесіне тағатын күлте шашақ.

Шоқай- етіктің, байпақтың сыртынан киетін, көннен, көбіне сиырдың, яки жылының бас терісінен тігілген кебіс тәрізді аяқ киім.

Шоңқайма- қонышы тізеден аспайтын, тұмсығы үшкір өкшесі тайқы саптаманың бір түрі.

Шүршіт бөз- қалың аө бұһршікті мата.

Шұбыртпа – тізген ақ моншақ.

Шылауыш- кимешек үстінен байлайтын, ақ шаршы ормал.

Шыраш- кесте әсемдеуге оюдың шетінен жиюдың және мата үстне сызықшалап әсем бедер өрнектер салуға істелінеді.

Шыт көйлек- шыттан тігілген көйлек.

Шыт- тұрмыста жиі қолданылатын , арөқау жіптері ширақы, беті майда тегіс, жеңіл әрі арзан қолады жұқа мата.

Ы

Ызу- әртүрлі мата қиындыларынан жіңішкелеп, бүріп тігу, ширатылып шыжым бау жасау.

Ышқыр- іш киімнің , шаобардың бел етектен жері.

І

Іштен- шалбардың ішінен киетін киім, дамбал.

Ішкілік – табанға салынған қос қабат ұлтанның ішкісі ұлтанына иленген терінің түгін ішіне қаратып салынған ұлтан.

Іштік- астарлық мата.

Ішік- түрлі аң терісінен жүннің ішіне қаратылып, сыртына матамен тысталған қымбат бағалы сырт киім. Ішке байланысты мынадай атулар бар: тиін ішік, күзен ішік, қасқыр ішік, бұлғын ішік, күңгір бешпент ішік, тон ішік, қарсақ ши т. б.

Киімге қатысты қазақша-орысша атаулар сөздігі Казахско- русский словарь терминов одежды

А

Айшық, үлдір – ажур
Айыр балақ – штанина с
разрезом
Айыр қалпақ – шапка с
раздвоенными полями
Ақдабы – тонкая белая
ткань, батист
Ақмұрт – рант (вставка
между подошвой и головкой
в обуви)
Ақық – сердолик
Алақаны – наушник
(боковая лопасть саукеле)
Алалап, қиықша салу –
строчка в виде
треугольников иточек
Алдыңғы бой – передняя
полочка
Алкым – подбородочная
часть
Алшалғы, алжапқыш –
передник
Артқы бой – спинка
Аслабау, иықбау –
подтяжки, помочи
Ау – мотня
Аудың шалғайы –
пошаговый клин

Ә

Әдіп – 1. Кайма (по краям
подола, рукавов); 2.
Притачной манжет
Әйел жейдесі – блузка
Әшекей – украшение, узор

Б

Байпақ – байпаки
(войлочная обувь)
Бақабас етік – сапоги с
широкими носками
Балақ – штанина
Балдақ –хлястик
Балтыр тілігі – разрез на
голенище
Баршын жібек – полосатый
шелк
Бау – завязка
Бауырдақ – металлический
супинатор, прикрепленный
с внешней стороны
подошвы
Бел бүкпесі – выточка на
талии
Белбеу – кушак
Белдемше, белшалғыш – 1.
Поясная одежда наподобие
юбки; 2.Натазник
Белдеу – вставка,
соединяющая головку с
голенищем, союзка
Белі, бел айналымы – обхват
талии

Бешпент/мешпет – бешмет,
верхняя приталенная
одежда
Бидайы – прокладка
Биқасап – полушелковая
ткань
Бойтұмар – нагрудное
украшение – оберег
Бомазы – бумаза (вид
хлопчатобумажной ткани)
Бөз – бязь (вид
хлопчатобумажной ткани)
Бөкебай – пуховой платок
Бөлшектерді көктеу –
сметывание деталей
Бөлшектерді қондыра
көктеу – стежка деталей
Бөрік – головной убор с
меховой опушкой
Бұзау терісі – опоек
Бұйымның етегін жымыру –
подшивка низа изделия
Бұлғын – соболь
Бұлық – лампас
Бұлықтау – окантовка
Бұрама жаулық – головной
убор (тюрбан)
Бүгу – подгиб
Бүгілген тігіс – шов на
подгибе
Бүгіп тігу – подшивка
Бүйір қиықша –
подкройный бочок
Бүйірше – бочок

Бүкпе – складка, вытачка
Бүктеме – стиб
Бұлде мата – дорогая
качественная ткань
Бүркеме – головное
гокрывало (шаль)
Бүрме – 1. Шов в сборку; 2.
Писсе; 3. Оборка
Бүрме бақай – волан
Бүртік қадама – пайетки
Былғары – выделанная кожа
Біз – 1. Шило; 2. Крючок
для вышивания, вязания
Біз кесте – тамбурный шов
Біз тұмсық етік –
остроносные сапоги
Білезік – браслет
Бірқаусырмалы түймелеу –
однобортная застежка

Г

Гулбадам ою-өрнегі –
миндалевидный орнамент
("восточный огурец")

Д

Дабы – даба (ткань)
Дамбал – штаны
внутренние, исподние

Е

Екі иін аралығы – ширина
плеч верхней и плечевой
одежды
Елтірі – мерлушка

Емеру (матаның шетін жиып тігу – подшивка подогнутого края
Етек қиығы – срез низа
Етекті бүгіп көктеу – обметка подогнутого низа
Етектің шалғайы- ширина подола
Етік – сапоги; киіз етік – войлочные сапоги

Ж

Жабағы – свалявшейся естественным образом овечья, верблюжья шерсть
Жаға – воротник
Жаға астары – подворотник
Жаға қиықшасы – вырез на воротнике
Жадағай – верхняя одежда с тонкой прокладкой с подкладом
Жақ – боковая часть выреза на кимешеке
Жақтау кусырма – боковина, бочок
Жамау – заплата
Жанқалта – боковой карман
Жапсырма қалта – накладной карман
Жарғақ тон – верхняя одежда из козлиной, жеребьячей или телячьей шкуры, мехом наружу

Жарғақ шалбар – широкие штаны из стриженной овчины
Жасырын қалта – внутренний карман
Жаулық – платок, женский головной убор
Жейде – мужская рубаша, в прошлом – распашная
Желбешек – пелерина
Желбір – волан
Желек – послесвадебная накидка женщины, одеваемая до первых родов
Желкей – оборки
Желкелік – лопасть
Женнің ойындысы – пройма
Жең – рукав
Жеңге қосып тіккен қықым кесінді, қондырма – манжет, вставка
Женді қондырма – пройма
Жеңсе – нарукавник
Жеңтүп – окат
Жиек – кант
Жиектеме – кайма
Жолақ мата – полосатая ткань
Жұрын – оторочка, опушка
Жұрынды бөлік – шапка, оторочная мехом
Жымырма – пришитая оборка
Жырым – вырез

Жібек – шелк
Жіп – нить

З

Зер – позумент, канитель
Зерлеп тігу – золотое шитье
Зерлі мата – златошвейная
ткань
Зығыр – лен

И

Илеу, илеп-басу – выделка
кожи
Илеу, малмалау – дублирование
Итжейде – распашонка
Иық – плечо
Иық бүкпесі – плечевая
вытачка
Иініш, жауырыншак –
кокетка

К

Қамзол – длинная
безрукавка
Кәмшат – бобер
Кебенек – туникообразная
верхняя одежда (плащ) из
тонкого войлока
Кебенекше ойылып
пішілген – покрой
туникообразный
Кебіс – туфли, кожаные
галoши с твердой подошвой
Кездеме мата (бұл) – отрез
ткани, материал

Кендір мата – домотканая
льняная ткань
Кендір жіп, шудажіп –
суровая нить
Кенеп – холст
Кенеп мата – холщевая
ткань
Кенере – кромка
Кенірдек барқыт, ши барқыт
– вельвет
Кепеш – легкий головной
убор (такия, тибетейка)
Кереге – высота тульи
головного убора
Керсен (етіктің басы,
желкесі) – носок, мысок
обуви
Кесте – вышивка, гладь
Кестелі жаға – вышитый
воротник
Кеуде бүкпесі – нагрудная
вытачка
Кеуделігі – лиф
Кеудеше – телогрейка
Кимешек – женский
головной убор (капюшон),
покрывающий плечи
Киіз – войлок
Киіз етік – войлочные
сапоги
Киім өңірі – борта одежды
Көйлек – рубаха, одежды
Көктеу – сметывание
Көкірекше – телогрейка

Көлденең жиек – бейка
Көмкеру – обшивка
Көн – сыромятная, толстая,
грубая кожа
Көн шалбар – широкие
штаны из сыромятной
овчины
Күдері – замша
Күйек жаға – большой
отложной воротник
Күлепара – башлык
Күлте – бант, бантовая
складка
Күлтелеу – драпировка
Күндік – высокий головной
убор (тюрбан) пожилых
женщин, старух
Күпі – верхняя одежда с
подкладом из шерсти
Күспе – прокладка,
простеженная с подкладом
Күсу – подбить

Қ

Қабу – стежка
многослойного изделия
Қайып тігу – шитье в
строчку
Қайырма жаға –отложной
воротник
Қақпақ – планка на рубаше,
платье (вдоль разреза на
груди)
Қалпақ – легкая шапка
(колпак)

Қалта – карман
Қалта әдібі – обтачка
кармана
Қамқа – парча
Қапсырма (қаптырма, қарсы
ілгек) – пряжка, застежка
Қаптал киім – верхняя
свободная одежда
Қаркеспе – верхняя
приталенная одежда с
короткими рукавами
Қатпар – складка
Қатты ширатпа – плотно
скрученная нить
Қатырмалау – дублирование
Қаусырма – боковина
Қиғаш қалта – косой карман
Қима бел – отрезная талия
Қима шапан – приталенный
чапан
Қиық – клин
Қиыстыру – аппликация
Қой терісі – овчина
Қолқа – рубец
Қолтық ойындысы – вырез
проймы
Қолтырмаш – ластавица
трапециевидной формы
Қондырма – вставка
Қондырма жең – втачной
рукав
Қоныш – голенище
Қоныштың ойындысы –
мысок голенища

Қосетек – оборки на подоле
платья

Қусырып тігу –
одношовный

Құйық – спускающийся на
спину конец («хвост»)
кимешека или платка

Құлақ – наушник, лопасть

Құлақшын – ушанка

Құндыз – выдра

Құрақ – лоскут

Қыл төбетей – легкий
головной убор из конского
волоса

Қынама – приталенный; в
обтяжку

Қынама бел, қынмаланған,
қынайбел – приталенный

Л

Лақ елтірі – шкура козленка,
мерлушка

М

Мақпал – бархат, велюр

Мақта – хлопок, вата

Малма – закладка

Малмалау – дублирование

Маңдайша – налобник
головного убора

Маржан – коралл

Матаның ені – ширина
полотнища

Мауыты – драповый
материал высшего качества

Мәсі – мягкие бескаблучные
кожаные сапожки

Мәсінің намаздығы – задник
мәсі

Милық – округлость
нижнего края тульи

Мойын орамал – кашне
(шарф)

Моншақ – бусина, бусы

Мық шеге – деревянные
гвозди

Н

Нәл – набойка на каблуке

О

Ойма жаға –
безворотниковая одежда

Ойма, қолтық ойындысы –
пройма

Ойық – срез

Оқа – позумент

Омырау бастырғыш –
застежка для верхней
одежды

Омырауша – нагрудник

Орама жаға – шалевый
воротник

Орамал – 1. Платок
вышитый; 2. Полотенце

Орыс кесте – вышивка
крестом

Ою – орнамент

Ө

Өкше – каблук

Өң беті – лицевая сторона

Өңір – 1. Борта, нагрудная часть одежды; 2. Полоски, ленты, нашиваемые на женское платье вдоль разреза на груди; 3. Полочка
Өңірдің ішкі беті – подборта
Өңіржиек – нагрудное украшение
Өңірше – нагрудник
Өңірше, жиек көмкерме – планка

П

Пұшпақ – мех с лапок пушнины
Пүліш, қыжым – плюш
Пішу – кройка

С

Сай – клин в головных уборах
Салы – шаль, головной платок
Сапиан, сақтиан, сақиан – сафьян
Сәлде – чалма (тюрбан)
Сәукеле – свадебный головной убор невесты конусообразной формы
Сегізқиық – восьмиклинник
Сеңсең – овчина до осенней стрижки ярочки двухлетки
Сиса – ситец
Сөлкебай – серебряная монета (целковый)

Сүйір жаға – острый воротник
Сыздық – рант
Сым – штаны из ткани Сыру - стежка

Т

Табак – узор, заключенный в круг
Табан – подошва
Тана – узорная бляха из серебра или перламутра
Тепшу – шивать
Тері – шкура
Теріні илеу – выделка шкуры
Тоқыма таспа – тесьма
Тон – шуба
Торғын – шелковая ткань
Төбе – верх головного убора
Төстік – нагрудник
Тұмсық – носок
Түбіт – пух
Түйреуіш – булавка – булавка
Тымақ – зимний мужской головной убор с лопастями (тымақтың желкесі – задняя лопасть)
Тыс – лицевая сторона
Тегісін сөгу – распарывание по швам
Тілше, тілшік – язычок
Тілік – подрез

Ұ

Ұлтан - подошва
Ұлтарак – стелька
Ұстын - станина

Ү

Үкі – перья филина, совы,
сыча, используемые в
качестве оберега
Үлгі – выкройка, образец
Үкшіл шабу – клиновидная
вставка

Ш

Шабу – боковина
(трапециевидной формы)
Шалғай – круг подола
Шашак – кисть, бохрома
Шекпен – кафтан
Шибарқыт, кеңірдек барқыт
- вельвет
Шұға – сукно
Шұлғау – портянки
Шығыршық – кольцо, петля
Шымшып тігу – зашип
Шыт – ситец
Шытыра – мелкие
серебряные или золотые
блешки
Шытыра өрнек –
листообразные узоры
Шілтер – кружево

Ы

Ышқыр - кулилка, рубец

І

Ішік – крытая тканью шуба

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы // Қазақстан Республикасының президенті мен Қазақстан Республикасы Үкім актілер жинағы. – Астана, 2004. –№ 2. – Б. 5-6.
2. Нұрсан Әлімбаев. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі-Алматы: ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, «Өнер» баспасы, 2009ж.
3. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazakh people. Құрастыр. Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы, 2011-384б.
4. Асанова С., Птицина А. Қазақтың ұлттық киімдері және қол-өнері тарихы: - Астана: Фолиант, 2011. – 160 бет.
5. Жәнібек Ө. Қазақ киімі. Альбом.-Алматы: Өне,1996 жыл- 192 бет.
6. Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері: Католог-оқулық. – Астана: Фолиант, 2008.-152 бет.
7. Алимбай Н., Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: Ғылым, 1998.- 234с.
8. Захаров И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда. - Алматы, «Наука», 1964. – 178с.
9. Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері. – Іле халық баспасы, 2006ж
10. Алимбай Нурсан. Традиционное вооружение казахов как предмет этнологического исследования (логико-методологический аспект)//Ахметжан К. Этнография традиционного вооружения казахов. Алматы: Алматыкітап, 2008. – С. 3.
11. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргизкайсаков // Новые ежемесячные сочинения. Ч. СХІV, СХV, 1795-179 б.
12. Кондратская М.Д. Киім пішіп тігуді үйреніндер. – Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1961ж.
13. Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Ф.ғ.к. ғыл. дәреж. алу үшін дайын. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. 31 б.
14. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» 1, 2 – том, 1959-жыл.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1-ТАРАУ. Дәстүрлі киім-кешек – этностың тіршілік қамы жүйесінің бірі.....	5
1.1 Қазақ халқы киімдерінің шығу тарихының жалпы сипаттамасы.....	7
1.2 Қазақ халқының қолөнер кәсіпшілігінің жалпы сипаттамасы.....	13
2 -ТАРАУ. Қазақтың дәстүрлі бас киімдері.....	21
2.1. Қазақтың дәстүрлі ерлер бас киімдері.....	21
2.2. Қазақ әйелдерінің дәстүрлі бас киімдері.....	28
3 -ТАРАУ. Қазақтың дәстүрлі сырт киімдері.....	37
3.1. Ерлердің ұлттық сырт киімдері.....	37
3.2. Әйелдердің ұлттық сырт киімдері.....	51
4 -ТАРАУ. Әйелдердің ұлттық нақыштағы киімдерін үлгілеу .	67
4.1. Әйелдер қамзолының конструкциясы.....	67
4.2. Ұлттық нақыштағы әйелдердің жеңіл киімдерін пішу және тігу технологиясы	73
Қазақтың ұлттық киімдері пәнінен тест сұрақтары.....	76
Киім-кешек бөлшектері, материалы, техникасы атауларының қысқаша сөздігі.....	85
Киімге қатысты қазақша-орысша атаулар сөздігі.....	106
Пайдаланылған әдебиеттер.....	114

Ұ.Н.Алашабаева

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІН ҮЛГІЛЕУ

Оқу құралы

Редакторы: Б.Е.Ахметова

Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова

Басуға 05.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/¹⁶.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 11,5

Таралымы 100 дана.

Тапсырыс № 151

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй

